


САРАПТАМА



Трамп эффектiсi:
ЖАҢА ГЕОСАЯСИ
ОЙЫН

2

САЯСАТ



Израиль мен Хамас:
БЕЙБІТШІЛІК
КЕЛІСІМІ

өткен жексенбiде ресми
түрде күшiне ендi

2

БРЕНД



ҰЛТТЫҚ
МЕЙРАМХАНАЛАР

қазақ мәдениетiнiң
байлығын әлемге паш
етумен қатар, елдегi
туризмдi дамытуға да
оң әсерiн тигізуде

6

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Алматы

AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шiлдесiнен бастап шығады | №5 (6567) 21 қаңтар, сейсенбi, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ГАЗДАНДЫРУ

АЛМАТЫНЫҢ АЛАУЫ

Қаланы көгiлдiр отынмен қамту 100 пайызға жуықтады

Мемлекет басшысы газ саласын дамытуға ерекше назар аударып, дамудың жаңа кешендi жоспарын әзiрлеудi тапсырған болатын. «QazaqGaz» Ұлттық компаниясында биыл Геологиялық барлау және күрделi құрылыс жылы болып жарияланды. QazaqGaz командасының үйлесiмдi жұмысының, «Самұрық-Қазынаның», Энергетика министрлігiнiң, Үкiмет пен серіктестерінің қолдауымен алда тұрған негiзгi мiндеттердi iске асыруда маңызды қадамдар жасалуда. Біздің қаламызға алғаш көгiлдiр отын 1971 жылы келген екен. Содан бері жарты ғасырдан асыпты. Бүгiнде қаламызды газбен қамту 100 пайызға жуықтады.



3

БӘРЕКЕЛДІ!

ЕҢБЕК АДАМЫНА ҚҰРМЕТ

Президент алматылық автобус жүргізушісін
«Шапағат» медалімен марапаттады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласының қоғамдық көлік жүргізушісі Қанат Ахметовты әлеуметтік және қоғамдық белсенділігі мен азаматтық жауапкершілігі үшін «Шапағат» медалімен марапаттады.



Марапатты қала әкімінің орынбасары Асқар Әмрин табыс етіп, Қанат Ахметов 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялаған жылы осындай марапатқа ие болған алғашқы еңбек адам екенін атап өтті.

Төрт бала тәрбиелеп отырған Қанат Ахметов «Алматыэлектротранс» кәсіпорнында №66 маршрутта жүргізуші болып жұмыс істейді.

Ол әлеуметтік желілерде мүгедек арбасындағы жолаушыға көмек көрсетіп, оны автобуска көтеру құрылғысы арқылы кіргізген оқиғасы арқылы танылды. Бұл оқиғаны әлеуметтік желіде экобелсенді Евгений Мұхамеджанов жариялаған болатын. Жазбаға тұрғындар көптеген жылы лебіздерін білдіріп, бауырмал да қарапайым еңбек адамына деген ризашылығын жеткізіп жатты.

Ал үлкен жүректі Қанат Ахметов жәй ғана өзінің міндетін орындағанын айтады.



Оның айтуынша, қоғамдық көлік қызметкерлері жолаушыларды тасымалдаумен қатар, олардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз етуге де жауапты.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

21.01.2025

Түнде:
 -2-4 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Тұман.

Күндіз:
 +3+5 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Таңертең тұман.

22.01.2025

Түнде:
 -3-5 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашын (жаңбыр, қар), көктайғақ.

Күндіз:
 -1+1 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашын, кей уақытта қатты жауын-шашын (жаңбыр, қар), көктайғақ.

23.01.2025

Түнде:
 -11-13 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта қар, тұман, көктайғақ.

Күндіз:
 -7-9 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта қар, тұман, көктайғақ.

www.aqshamnews.kz



Трамп эффектiсi:

ЖАҢА ГЕОСАЯСИ ОЙЫН

Саясатта, ғылымда «Домино эффектiсi», «Көбелек эффектiсi» деген ұғымдар бар. «Домино эффектiсi» саясатта, әсіресе, халықаралық қатынаста жиі қолданылады. Оның мәні мынаған саяды: бір өзгеріс тікелей өзге де өзгерістерге түрткі болады. Бұл көбіне горизонтальды және вертикальды өзгерістер. Ал «Көбелек эффектiсi» бұдан да ауқымды құбылыс. Кез келген жүйеге сырттан кішкене болсын әсер етсе, оның салдары жойқын болуы мүмкін. АҚШ билігіне Дональд Трамптың келуі екі құбылысты біріктіретін сияқты. Мұны «Трамп эффектiсi» деп атасақ болар.

ЕРЕКШЕ ХАРИЗМАҒА ИЕ САЯСАТКЕР

АҚШ-тың 47-президенті Дональд Трампқа байланысты сарапшылар түрлі пікір айтады. Бірі популист десе, өзгелер кәсіпкер дейді. Алайда, қалай атасақ та ерекше харизма ие саясаткер екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Себебі, бір тұлға тарихты өзгерте алады.

Трампың екінші президенттік мерзімінен не күтуге болады? Осы сұраққа жауап беру арқылы «Трамп эффектiсi» ұғымының не екенін біле аламыз. Ол үшін бірінші президенттік мерзімінде не өзгергенін білу қажет.

2017–2021 жылдары Дональд Трамп АҚШ-тың 45-президенті болды. Сайлауда демократ Жиллари Клинтонды айқын басымдықпен жеңіп, билікке келді. Сарапшылар Трампың бірінші мерзімі туралы айтқанда



(Дереккөз: Reuters.com).

Қытаймен болған «сауда соғысын», Мексикамен шекарада қорған салу секілді бастамаларын еске алады. Шынында да, бұл бастамалар АҚШ-тың сыртқы саясатына ғана емес, әлемдік саясатқа да әсер етті. Бұдан бөлек, ол климаттың өзгеруіне қарсы саясатты қолдамады. Себебі, кәсіпкер тұрғысынан экономикалық тиімділіктің жоқ екенін ескерді.

ТЕПЕ-ТЕНДІК ЖӘНЕ ТЕЖЕМЕЛІЛІК ҚАҒИДАСЫ

Алайда, Трамп бірінші мерзімінде алға қойған мақсатының бәрін жүзеге асыра алмады. Себебі, АҚШ-та билік институттары

арасында тепе-теңдік және тежемелілік қағидасы қатаң сақталады. Демократ президент болған тұста сенат немесе өкілдер палатасы республикалықтардың қолында болады.

2017–2019 жылдары республикалықтар Конгрестің екі палатасында да басымдыққа ие болды. Дәл сол уақытта Трамп көптеген бастамаларын жүзеге асыра алды. Бірақ 2019–2021 жылдары Өкілдер палатасында демократтар басым болып, кейбір бастамалар соңына дейін жүзеге аспай қалды. Демократиялық партияның депутаттары биліктің заңнамалық бастамаларына тосқауыл қоюмен айналысты.

САЯСИ КЕЗЕҢДЕ КҮШ БАЛАНСЫ ӨЗГЕРУІ МҮМКІН

2025–2027 жылдары Конгрестің екі палатасында да республикалықтар басым. Одап кейінгі саяси кезеңде күш балансы өзгеруі мүмкін. Дегенмен, осы қысқа мерзімнің ішінде Трампың саяси штабы сайлауалды уәделерінің біраз бөлігін жүзеге асырып үлгереді. Қазірдің өзінде Израиль мен ХАМАС арасындағы қақтығыс реттеліп келеді. Украина мен Ресей арасындағы мәселе де реттелуі мүмкін деген болжам бар.

Бұдан бөлек, сыртқы саясатта Трамп билігі Қытай мен Иран бағытында жұмысты күшейтеді деп күтілуде. Алдағы 4 жылда Бейжіңмен қарым-қатынас нашарлауы мүмкін. Мұның алғашқы белгілерін қазірдің өзінде көріп отырмыз. TikTok әлеуметтік желісіне қарсы жасалып жатқан қысым соның айғағы. Алдыңғы сауда соғысынан ерекшелігі, Бейжіңмен текетірес технологиялық, экономикалық бағыттағы бәсекелестікке ұласуы мүмкін.

Осылайша «Трамп эффектiсi» АҚШ-тың ішкі және сыртқы саясатына, халықаралық қатынастарға әсер етпек. Миграциялық үдерістер ретке келтіріліп, БАҚ пен азаматтық қоғамға қысым күшеймек.

Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.



ГЕОСАЯСАТ

Израиль мен Хамас:

БЕЙБІТШІЛІК КЕЛІСІМІ

өткен жексенбіде ресми түрде күшіне енді

Жаһандық ақпарат кеңістігінде «Таяу Шығыста бейбітшілік қайта орнады» деген тұжырым жан-жақты талқылануда. АҚШ-тың 47-президенті, Д.Трампың ресми түрде билікке 20 қаңтарда кіріспес бұрын, өзінің сайлауалды бағдарламасында берген уәделерінің бірі – Таяу Шығыста бейбітшілік келісін қалпына келтіру болатын. Символикалық түрде, ресми Тель-Авив тарапынан Израиль мен ХАМАС арасындағы үш кезеңнен тұратын алғашқы кезеңі – 42 күндік бейбітшілік келісімі ресми түрде жексенбі күні күшіне енді.



(Дереккөз: www.iapn.kz).

Соңғы он бес айдан бері жалғасып келе жатқан соғысты аталмыш келісім қаншалықты тоқтата алады? Бейбітшілік келісімінің тараптарға тиімділігі қандай? Мақалада Израиль мен ХАМАС арасындағы келісімнің әлеуеті мен мазмұнына талдау жасап көрелік.

- 2023 жылғы 7 қазаннан бері, Израиль мен ХАМАС арасындағы кескіліскен қақтығыс нәтижесінде 50 мыңға жуық Палестина азаматтары қаза тауып, 1,7 млн-нан астамы мәжбүрлі қоныс аударуға душар болды.
- БҰҰ мәліметінше, соғыс нәтижесінде Газаның 60% инфрақұрылымы толықтай қиратылған.
- 2024 жылы 15 қаңтарда Катарлық медиаторлар Израиль мен Хамас арасында келісімге келгенін жариялады. Foreign Affairs журналының мәліметінше, Израиль тарапынан келісімге келуге Д.Трамп әкімшілігі тарапынан қысым көрсетілген.
- Хамас пен Израиль арасындағы бейбітшілік келісімінің тұрақтылығы мен мазмұны

екі тараптың уәделерін орындай алуына тікелей байланысты.

Жаһандық мүдделердің тоғысқан жері

Таяу Шығыстағы саяси қақтығыстардың басты ерекшелігі – мемлекеттік емес, прокси құрылымдардың ықпалының басым болуында. Иран тарапынан қолдауға ие Палестина жеріндегі Хамас, Ливан жеріндегі Хезболла және Йемен аймағындағы Хути әскери құрылымдарының болуы аймақта халықаралық құқықтық нормалар негізінде келісімге келуді қиындата түсуде. 2024 жылы Таяу Шығыста, әсіресе, Ливан мен Сирия аймақтарында Иранның ықпалы мен әлеуеті айтарлықтай әлсіреді. Осыған байланысты Иран Палестина жеріндегі Хамас арқылы аймақтағы ықпалын сақтап қалуға тырысуда.

Хамас 2023 жылғы 7 қазанда Израильдің оңтүстік бөлігіне тұтқиылдан шабуыл жасады. Шабуылдың салдарынан 1200 адам қаза тауып, 250-ден аса Израиль азаматы тұтқынға алынды. Соңғы 15 айда Израиль тарапынан Палестина аймағына жасалған әуе және құрлық шабуылдары салдарынан ресми деректер бойынша 47 000, бей-

ресми деректер бойынша 100 000-ға жуық азамат қаза тапты, ал миллионнан аса адам босқынға айналды.

Байден әкімшілігінің «мұрасы» ма, әлде Трамп командасының ұтқырлығы ма?

Сонымен, АҚШ-тың 47-президенті 20 қаңтарда ресми қызметіне кіріспес бұрын, 19 қаңтарда Хамас пен Израиль арасында бейбіт келісімге, ортақ мәмілеге қол жеткізілді дедік. Аталмыш келісімді кейбір израильдік оңшыл бағыттағы саяси партиялар мен саясаткерлер теріске шығарып, оны Израиль үшін маңызы жоқ деп есептегенімен, ресми Тель-Авив Хамас-пен келісімге келгенін мойындады. Д.Трампың 2017–2021 жылдар аралығындағы билігі кезінде Біріккен Араб Әмірлігі мен Израиль арасында Ибрахим келісімі жасалып, екі ел арасында экономикалық және әуе қатынастары орнаған еді.

Десе де, 15 қаңтар, сәрсенбі күні Катар премьер-министрі тарапынан тараптар арасында келісімнің орнағаны туралы алдын ала жарияланғанымен, кейбір израильдік бұқаралық ақпарат құралдары бұл келісімді теріске шығарды. АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Антони

Блинкен сенбі күні журналистерге берген сұхбатында Израиль тарапының келісімді қолдайтынын және оның жексенбі күні күшіне енетінін нақты жеткізді. Осылайша он бес айға созылған дағдарыстың Джо Байден әкімшілігінің биліктегі соңғы күні шешімін табуы Таяу Шығысты реттеудегі америкалық дипломаттардың ықпалы мен маңызын көрсетті.

Үш кезеңнен тұратын дипломатиялық қадам

Бұл жолы Израиль мен Хамас арасындағы әскери қақтығыстың гуманитарлық және экономикалық салдары ауқымды әрі ауыр еді. Қазіргі келісім-шарт негізгі үш кезеңнен тұратын дипломатиялық қадам болып табылады. Алғашқы кезең 42 күнге созылады. Бұл кезеңде екі тарап нақты шегерімдерге баруы тиіс. Хамас тұтқындар ұстаған израильдіктердің ішінен 30 адамды босатуға міндеттелді.

Бейбіт келісім-шарттың алғашқы күні Хамас тұтқынындағы 3 әйел азамат Израиль түрмесінде отырған 90 палестиналықпен алмастырылып, қос тарап тұтқындарды алмастырды. Жауап ретінде Газа аймағынан милитаризацияланған шекараға дейін әскерді шегеру бас-талды.

Нәтижесінде соғыс салдарынан басқа аймақтарға босып кеткен газалық тұрғындар қайта оралып, гуманитарлық дәліз қалпына келді. БҰҰ және басқа да халықаралық ұйымдар Израильді Газаны толық блокадаға алғаны үшін айыптаған болатын. Қос тарап арасындағы бейбітшілік келісімінің екінші кезеңі ресми мәліметтерге сәйкес, «толықтай бейбітшілікке алып баратын» қадам болмақ. Бұл кезеңде Газа аймағынан Израиль әскері толық шығарылып, екі тарап «соғыс тұтқындарын» толықтай босатуы тиіс.

ВВС ақпарат агенттігінің мәліметінше, қазіргі уақытта Израильде шамамен, 1000 палестиналық соғыс тұтқыны бар. Бейбіт келісім-шарттың үшінші әрі соңғы кезеңі – Газа аймағын қалпына келтіру және соғыс салдарынан босқынға айналған азаматтарды қайта қабылдау кезеңі. Бұл кезең шартты түрде ең ұзақ

мерзімді болып саналады. Израиль тарапы үшін бұл кезеңдегі басты талап – Газа аймағын ешбір террористік немесе мемлекеттік емес саяси прокси күштердің әрекет ететін жеріне айналдырмау.

«Екі халық, екі мемлекет» қағидасы

Таяу Шығыстағы тұрақтылық тек аймақ үшін ғана емес, тұтас жаһандық саясатқа да айтарлықтай әсер етеді. Қазақстан әрдайым халықаралық мәселелердің халықаралық нормалар мен заңнамалар аясында шешілуін қолдап келеді. Израиль мен Хамас арасындағы бейбіт келісімге Катар, Египет және АҚШ-тың медиаторлығы нәтижесінде қол жеткізілгенін ескерсек, бұл келісімнің стратегиялық маңызы зор деп есептейміз.

Қазақстанның аймақтағы ұстанымы «екі халыққа – екі мемлекет» қағидасы аясында қалыптасқан. Палестина мен Израиль толықтай халықаралық заңнама аясында жұмыс істейтін екі тәуелсіз мемлекетке айналуы тұтас халықаралық қауымдастық үшін тиімді болмақ.

● ТҮЙІН:

Израиль мен Хамас арасындағы бейбіт келісімінің әрбір кезеңі аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін маңызды қадам. Бұл келісім тек қана Таяу Шығыс аймағындағы шиеленісті бәсеңдетіп қана қоймай, сонымен қатар халықаралық қауымдастықтың бейбітшілік пен тұрақтылыққа деген ұмтылысының нақты нәтижесін көрсетіп отыр. Қазақстанның «екі халыққа – екі мемлекет» қағидатына негізделген ұстанымы бейбіт келісімнің ұзақ мерзімді табысына ықпал етеді деп сенеміз.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ, сарапшы, «Туран» университеті.





2024 ЖЫЛЫ 303 604 ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАУАРЛЫҚ ГАЗБЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛДІ



2025 ЖЫЛЫ 12 МИЛЛИОН 400 МЫҢНАН АСТАМ ТҮРҒЫН ТАБИҒИ ГАЗБЕН ҚАМТЫЛАДЫ

● ГАЗДАНДЫРУ

АЛМАТЫНЫҢ АЛАУЫ

Қаланы көгілдір отынмен қамту 100 пайызға жуықтады



Айнабай
МӘДИ

(Басы 1-бетте).

Геологиялық барлау маңызға ие

«Тұтынушыларды газбен үздіксіз қамтамасыз ету – біз үшін әрдайым басым міндет. Ең жоғары жүктеме кезінде, мысалы, қатты аязды күндері тұрғындарға тұрақты газ жеткізуге өз ресурсымыз жеткілікті. Қажет болған жағдайда, жалпы көлемі шамамен, 4 млрд текше метр газ болатын өзімізге қарасты жерасты газ қоймаларындағы (ЖГҚ) газ қорының есебінен қосымша қамтамасыз ете аламыз», – деп мәлімдеген болатын «QazaqGaz» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы Санжар Жаркешов.

QazaqGaz күзгі-қысқы кезеңді алаңсыз өткізу ойлаған ұлттық компания жыл сайын наурыз айынан бастап жылыту маусымына дайындықты бастайды. Қыс мезгілінде ірі газ жеткізушілерінің кен орны не газ өңдеу зауытында қандай да бір кезектен тыс жөндеу жұмысы бола қалған жағдайда қосымша газ көлемін алу үшін «Газпроммен» қосымша газ көлеміне споттық келісім-шарт жасалады. Оған қоса, еліміздің оңтүстік өңірлеріне Өзбекстан арқылы газ транзитінің баламалы бағыттары қарастырылуда.

Ұлттық компания газды үнемді тұтыну қағидатын қалыптастыруға күш салуда. Осыған орай, тиісті заң мен тұтыну нормативіне түзетулер енгізу қарастырылуда. Былтырғы 8 қазанда Парламент Мәжілісінде тиісті заң жобасының таныстырылымы болды. Бұл құжат биылғы I тоқсанының соңына дейін түпкілікті бекітілуі тиіс.

QazaqGaz бен халықаралық геологиялық барлау компаниялары арасында бірқатар ірі келісімдерге қол қойылды. Ішкі нарықта газды тұтыну көлемі қарқынды артып келеді. Компания геологиялық барлауға баса мән беруде. Кейінгі екі

жыл көлемінде газ қоры бар 23 әлеуетті учаске қаралса, соның 15 учаскесі QazaqGaz-ға бекітіліп берілген. Әлбетте, бұл ретте инвесторларды тарту арқылы геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу талап етіледі.

QazaqGaz Энергетика министрлігімен бірлесіп, «Әлеуметтік әмиян» қанатқақты сервисін іске қосты. Жоба Шымкент қаласы мен Батыс Қазақстан облысында атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) пен тұрғынжай көмегін (ТК) алатын азаматтарды қолдауға бағытталған. Аталған өңірлердің АӘК және ТК алып жүрген тұрғындары eGov Mobile қосымшасының көмегімен табиғи газға 24 пайызға дейінгі жеңілдікті пайдалана алады. Сынақ кезеңінен кейін бұл жоба бүкіл елге таратылады.

Саланы цифрландыруға мән берілуде

«Ақылды» есептегіштерді орната отырып, тарату желісі мен абоненттерді цифрландыру белсенді түрде жүргізілуде. Цифрланған абоненттер интерактивті картадан көрінеді. Соның көмегімен газды қалыпты тұтынбайтын абоненттердің орналасқан орнын анықтауға, есептегіштің көрсеткішін жинауды бақылау мен газды есепке алудың ашықтығын арттыруға болады.

Алдағы уақытта жасанды интеллектіні қолдана келе, осы жүйе бүкіл елге енгізіледі. Бұрнағы жылы компания тұрғын үйлерге газ беру үшін eGov.kz арқылы онлайн-өтінім жүйесін енгізді. Бұл азаматтардың аталған қызметке қолжетімділігін жақсартуға мүмкіндік берді. Қазір техникалық шартты беруге өтінімдердің 46 пайызы онлайн-платформа арқылы алынады. Мұның өзі абоненттердің газға қосылу үдерісін айтарлықтай жеңілдетті.

Компанияның басты құндылығы – оның мамандары. Мамандарды оқыту мен ұдайы тағылымдамадан өтуі серіктестерден әлемдік озық тәжірибені үйрену. Компанияда Епі-мен ынтымақтастық күшейіп, қызметкерлерге арналған курстар сериясы өткізілді. Бұған қоса, QazaqGaz-да газ саласының бейінді мамандарының біліктілігін арттыру мен оларды кәсі-

● КЕРЕК ДЕРЕК

Былтыр Мемлекет басшысының тапсырмасымен елдімекендері газдандыру деңгейі артып, 1700 шақырымдық желі жаңартылды, 300 мыңнан астам адам көгілдір отынмен қамтамасыз етілді. 2025 жылы мемлекет 7 елдімекенді газдандыруға арналған 45 жобаны іске асыруда 65,3 млрд теңге бөлді. Бұл – газдандыру деңгейін 6 пайызға артыру. Сондай-ақ, 12,4 млн-нан астам адам газға қол жеткізеді.

би қайта даярлаудың бірыңғай корпоративтік орталығы – Оқу орталығы құрылды. Solar Turbines, Baker Hughes тәрізді шетелдік компаниялармен ынтымақтастық орнату жоспарда. Мақсат – ғылымды, инновация мен өндірісті интеграциялау, газ саласында отандық ғылымды коммерцияландыруды дамыту.

«Газдандыру еліміздің халықаралық экологиялық міндеттемелерді орындауына ықпал етеді. Осы жылы QazaqGaz бір маңызды жоба – Алматы қаласында 2-ші, 3-ші жылу энергетикалық орталықтары (ЖЭО) үшін сыртқы газ инфрақұрылымын салуды аяқтады. Ол мынадай төрт нысанның құрылысын қамтыды: 2-ЖЭО мен 3-ЖЭО-да екі автоматты газ тарату стансасы, ТІР-04 жалғастырғыш газ құбыры мен «Алматы – Байсерке – Талғар» магистральдық газ құбырының екінші желісі. Бұл қарышты қадам бизнесті дамыту мен өңірде жаңа жұмыс орындарын құруға мультипликативтік әсер етеді. Алматы жылу-электр орталықтарын көмірден газға ауыстыру өңірдегі экологиялық жағдайдың жақсаруына тікелей ықпалын тигізеді», – деді жыл қорытындысын жасаған «QazaqGaz» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы Санжар Жаркешов.

■ «АҚШАМНЫҢ» АНЫҚТАМАСЫ

Алматы қаласы мен қала маңындағы ауданды газбен қамту (газ тарату жүйесі) мына аумақтарда: «Орбита» АГРС («Алғабас» шағынауданы), ГРС-1 (Шапағат шағынауданы), ГРС-2 («Көкжиек» шағынауданы), АГРС-3ТК, АГРС-Талғар, «Байсерке» АГРС-те жүзеге асырылады. Газ құбырлары мен құрылыстарына келе болсақ, жөзаяры, орташа және төмен қысымды газ құбырларының жалпы ұзындығы – 5770 км. Соның ішінде жоғары қысым – 144 км, орташа қысым – 994 км, төмен қысым – 4632 км. Гидравликалық жеру қондырғысының саны – 75 бірлік. ШГРП саны – 1767 бірлік. Биылғы 5 қаңтардағы тұрмыстық тұтынушы саны – 490 799. Оның 313 556-і – ұжымдық сектор, 177 243-і – жеке. КБП – 10 265, өнеркәсіп кәсіпорындар – 951, ТЭК – 19.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Асқар ҚОНАҚБАЕВ,
«QazaqGaz Aimaq» АҚ өндірістік-техникалық департаменті директорының орынбасары:

ЖЭО-2, ЖЭО-3-ке дейін газбен жабдықтау құбыры салынды

АГРС-тен ЖЭО-2, ЖЭО-3-ке дейін жоғары қысымды газбен жабдықтау құбырын салу маңызға ие. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2021 жылғы 10 шілдедегі Алматы қаласындағы 2-ЖЭО және 3-ЖЭО-ны газға көшіру туралы тапсырмасымен, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» 21.07.2021 ж. №11-02-05.1/4075 Алматы энергетикалық кешенін газдандыру жобасының жобалық-сметалық құжаттамасымен ұлттық компания АГРС-тан ЖЭО-2-ге, дейін жоғары қысымды жерасты газ құбырын салу жобаларын жүзеге асырып, нысандағы жұмыстар 2024 жылы сәгімен аяқталды. Газ құбыры салынды. Ұзындығы – 5,8 км, Д-720мм. АГРС-тен ЖЭО-3-ке дейін жоғары қысымды жерасты газ құбырының құрылысы 2024 жылдың желтоқсан айында аяқталды. Газ құбырының ұзындығы – 15,2 км, Д-720мм.

«QazaqGaz Aimaq» АҚ Алматы өндірістік филиалының 2022–2026 жылдарға арналған тұтынушыларға газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдау қызметі бойынша инвестициялық бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2022–2026 жылдарға арналған шаралар жоспарлануда. Бұл ретте Алматы агломерациясын газдандыру, сондай-ақ газ құбырларын, шкафтық газ реттеу пункттерін (ШРП), электрохимиялық қорғау станцияларын (ЭХК) қайта құру жөніндегі іс-шаралар бар. Осылайша АІРФ Инвестициялық бағдарламасын іске асыру шеңберінде мына шаруалар – 2022 жылы Алматы агломерациясының Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Саймасай мен Қайнар ауылдарында газ құбыры мен газ тарату желілерінің құрылысы аяқталды. Құрылыс барысында 90,5 шақырым газ құбыры тартылды. 4,5 мыңнан астам адам мен 36 әлеуметтік нысан көгілдір отынға қол жеткізді.

Ақылбай САПАРОВ,
«QazaqGaz Aimaq» АҚ Алматы өндірістік филиалының директоры:

Алматыны газдандыру артады

2023 жылы Алматыда ҚҚС-сыз 447 млн теңгеге 22 нысанды газдандыру жұмысы жүргізілді. Жалпы ұзындығы 21 км газ құбыры салынды («Шұғыла», «Маяк», «Шаңырақ», «Қарасу», «Рахат-Мәдениет», «Алтын бесік», «Көлсай», «Алатау», «Жас қанат», «Первомайка» шағынаудандары мен «Алма», «Үіот», т.б. бау-бақша серіктестіктері). Газдандырудың басты себебі – Алатау, Түркісіб, Медеу мен Алматының басқа да аудандарында құрылыстың жоғары қарқынына байланысты «ақ дақтар» деп аталатын жерлердің пайда болуы. Жаңадан салынған газ құбырларының жалпы ұзындығы 21 шақырымды құрады. 500-ге жуық тұрғын үйге газ тарату құбырларына қосылу мүмкіндігі қарастырылған.

Газды газ тарату құбырларына бастапқы жіберу жеке тұрғын үйлер дайын болған кезде жүзеге асырылады. Демек, жобасы бар тұрғын үйлер, құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталып, қабылдау шаралары жүргізілді. Осылайша Алматы қаласын газдандырудың жалпы деңгейі 99,2%-дан 99,3%-ға дейін артты. Былтыр Алматы қаласында (Түркісіб, Жетісу, Медеу, Алмалы, Бостандық, Наурызбай, Алатау, Әуезов аудандары) газ құбырларын қайта құруда жалпы ұзындығы – 26,9 км орта және төмен қысым-

ды желілердің газ тарату құбырларының қайта жаңарту жұмыстары аяқталды.

Жерасты газ құбырларының учаскелерін ауыстыру және реконструкциялау бойынша шаралар жерасты газ құбырларын одан әрі пайдалану мерзімін ұзартуы мүмкін. Жоғарыда аталған нысан үшін пайдалану мерзімін ұлғайтумен қатар, өткізу қабілетін арттыруға мүмкіндік беретін газ құбырының диаметрін ұлғайту жоспарлануда. Сондай-ақ, қолданыстағы тұтынушыларға тұрақты газ қысымын қамтамасыз етілді. Осы объектілер қызмет көрсету аймағындағы абоненттер үздіксіз және қауіпсіз газбен жабдықталды.

ШГРП реконструкциялау – ШГРП жабдығы 10 бірлік көлемінде анағұрлым жаңартылған жабдықтауға ауыстырылды. Мұның негізгі әсері қолданыстағы тұтынушыларды газбен жабдықтау жүйесіндегі қажетті газ қысымымен қамтамасыз ету және қосымша тұтынушыларды қосуды да қамтамасыз ете алатын газ реттеу қондырғыларының қуатын арттыру. 16 ЕХ станциясы орнатылды. Бұл шаралар жерасты құбырларын қорғау үшін жүргізілді. Металл газ құбырлары мен олардың оқшаулағыш жабынын сақтауға үлес қосады. Бұл жағдай жерасты газ құбырларының пайдалану мерзімін арттыруға мүмкіндік береді. Биылғы жоспарда орта және төмен қысымды желілердің газ тарату құбырлары 31,7 км қайта құрылады. ШГРП қайта құру – 11 бірлік, ЭСҚ қайта құру – 13 бірлік.

ЭКОЛОГИЯ

СЕБЕПСІЗ АҒАШ КЕСПЕҢІЗ!

Алматыда емендерді заңсыз кесу фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалды

Алматы – жасыл аймақтары мен саябақтарымен танымал қала, сондықтан ағаштардың заңсыз кесілуі қоғамда ерекше алаңдаушылық туғызады.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



(Сурет: ашак дереккөзінен)

● КЕРЕК КЕҢЕС

- Ағаш кесу үшін Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасынан немесе басқа тиісті органдардан рұқсат алу қажет.
- Егер сіз заңсыз ағаш кесу фактісіне куә болсаңыз, 102 нөміріне немесе жергілікті экология департаментіне хабарлау қажет.

Заңсыз ағаш кесу – бұл қала экологиясына және тұрғындардың өмір сүру сапасына тікелей зиян келтіретін өзекті мәселе. Мұндай әрекеттерді болдырмау үшін азаматтық бақылауды күшейту және билік органдарының занды қатаң орындауы маңызды.

Өткен аптада Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының мамандары Түркісіб ауданында ағаштарды заңсыз кесу фактісін анықтады. Жер ресурстарын басқару департаменті, Полиция департаменті және Түркісіб ауданы әкімдігінің өкілдерінің қатысуымен жүргізілген көшпелі тексеру нәтижесінде (жасыл желектерді тексеру актісі жасалып, ағаштардың түрі, жасы және діңінің диаметрі көрсетілді) 50 жылдан асқан емен ағашының заңсыз кесілгені расталды. Мамандардың айтуынша, бұл ағаштар жалпыға ортақ жерлерде өскенін және сирек кездесетін әрі жойылу қаупі бар өсімдіктердің тізбесіне енгізілген.

Аталған факті бойынша Полиция департаменті ҚР Қылмыстық кодексінің 340-бабы («Ағаш-

тар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау») бойынша қылмыстық іс қозғалды.

Алматы қаласындағы жасыл желектерді күтіп-ұстау және қорғау ережесіне сәйкес, заңсыз кесілген, жойылған немесе сирек және жойылу қаупі бар өсімдіктердің тізбесіне енгізілген жасыл желектерге қатысты сол түрдегі (қосымша түрлерін) өсімдіктердің орнына жүз есе көлемде ағаш отырғызу қарастырылған. ҚР Қылмыстық кодекстің 340-бабы бойынша 160 АЕК-ке дейін айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту немесе

мүлкті тәркілей отырып қамауға алу түріндегі жауапкершілік көзделген.

Айта кету керек, басқарма уәкілетті орган ретінде 2006 жылғы 31 қазандағы №1034 ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің тізбесіне» енгізілген жасыл желектерді кесуге рұқсат бермейді.

Бүгінгі таңда аталған іс Алматы қаласының Полиция департаменті мен Экология және қоршаған орта басқармасының бақылауында.



Алматы инфрақұрылымы: ИНВЕСТИЦИЯ су құбыры желілерінің тозуын 54,5 пайызға төмендетті



Айнабай
МӘДІ

Бұл жайлы Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Әсел Бөденеева мәлім етті. «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасын іске асыру коммуналдық инфрақұрылымды жаңартуға, желілердің апаттылығын төмендету мен коммуналдық қызмет қызметкерлерінің еңбек жағдайын жақсартуға ықпал етеді.

Табиғи монополияларды реттеу комитеті Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысының айтуынша, 2029 жылға дейін инфрақұрылымның тозу деңгейін айтарлықтай төмендету жоспарлануда. Мысалы, 2024 жылы мегаполисте сумен жабдықтау жүйелерінің то-

зуы – 1 пайызға, су бұру – 3 пайызға азайды. Қазір желілердің тозуы тиісінше 54,5 және 53,8 пайызды құрайды.

Ұлттық жоба аясында 2030 жылға дейін электр, жылу мен сумен жабдықтау салаларындағы инфрақұрылымды жаңартуға субсидия бөлінетін болады. Бұл шаралар, әлбетте, инженерлік желілерді жаңартуға мүмкіндік береді. Департамент басшысының мәлімдеуінше, бағдарламаны іске асыру коммуналдық қызметкерлердің жалақысын арттыруға бағытталған. Өрі мамандардың тұрақтауына мүмкіндік бермек. Өз кезегінде бұл жағдай апатты жоюды тездетіп, қала тұрғындарына қызмет көрсетуді жақсартады.

«Бағдарламаның әсері айқын. Біз желілердің тозуы біртіндеп төмендеп, апаттылық азайып, қызметкерлерімізге лайықты еңбек жағдайы жасалып жатқанын көреміз. Бұл – қаланың әрбір тұрғынына пайда әкелетін кешенді жұмыс», – деп атап айтты Ә.Бөденеева.

● ҚОҒАМ



Қолданыстағы төлем жүйесі коммуналдық қызметтерге тарифтердің өсуін толығымен жабады. Бұл туралы Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов мәлімдеді.

ӘЛЕУМЕТПЕН БІРГЕМІЗ

Қала әкімдігі халықтың осал топтары үшін өтемақы қарастырды



Нұржамал
ӘЛШІ

Тарифтердің өзгеруі Алматы қаласындағы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің департаментімен бекітілгенін атап өткен жөн. Өз кезегінде қала әкімдігі халықтың әлеуметтік осал топтары үшін өтемақы қарастырды.

2023 жылғы шілдеден бастап іске асырылатын «Тарифті инвестицияларға айырбастау» бағдарламасы шеңберінде әлеуметтік осал азаматтардың тоғыз санатын қамтитын өтемақы алгоритмі енгізілді. Оларға ардагерлер, мүгедектер, көпбалалы отбасылар, зейнеткерлер және қолдауды қажет ететін басқа санаттар жатады. Бүгінгі күні әлеуметтік төлем мөлшері 0,8 АЕК немесе 3 146 теңгені құрайды. Төлем алушылар саны – 141,7 мың адам, көрсетілген көмектің жалпы сомасы – 5,4 млрд теңге.

Бауыржан Жаубасов өз сөзінде коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту қажеттілігіне және тарифтердің өсуіне қарамастан, қала

үшін халықтың әлеуметтік осал санаттарын қолдау басымдық болып қалатынын атап өтті.

«Айлық есептік көрсеткіштің жыл сайынғы 6,5%-ға өсуін ескере отырып, ХӨӨТ-ты қолдау үшін қолданыстағы әлеуметтік төлем тарифтердің ағымдағы өсуін толығымен жабады және қолданыстағы ережелерге сәйкес аудан әкімдіктері көрсететін болады», – деп атап өтті спикер.

Биылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Алматыда ХӨӨТ-қа жататын 339 849 азамат тұрады, олардың ішінде: ҰОС ардагері – 38; көпбалалы отбасы – 41 992; мүгедектігі бар жандар – 29 456; зейнеткерлер – 252 528.

Естеріңізге сала кетейік, «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында 2025 жылдың 1 ақпанынан бастап Алматыда сумен жабдықтау және су бұру қызметтері бойынша тарифтерге өзгерістер енгізілетін болады. Бұл іс-шаралар қосымша қаражат тартуға, желілердің тозуын азайтуға, апаттылықты азайтуға және қызмет көрсету сапасын жақсартуға бағытталған.

● «ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

БЕЛСЕНДІ ТҮРҒЫНДАР БАСТАМАЛАРЫ

қаланы көркейтуге септігін тигізуде

Алматыда 2025 жылы 17,1 млрд теңгеге «Халық қатысатын бюджет» жобаларын жүзеге асыру жалғасады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Халық қатысатын бюджет – бұл жергілікті тұрғындардың өз аймағындағы (қала, аудан, ауыл) әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру процесіне тікелей қатысуына мүмкіндік беретін мемлекеттік бастама. Бұл механизм жергілікті билік органдарының ашықтығын арттырып, азаматтардың өзекті мәселелерді шешуге белсенді араласуын қамтамасыз етеді.

Алматыда жергілікті тұрғындарға қалалық инфрақұрылымды жаңарту бойынша идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы сәтті іске асырылуда. Үш жыл ішінде мегаполисте 39,1 млрд теңге сомасына 938 жоба жүзеге асырылды.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы тұрғындардың ұсынысын ескере отырып, жайлы қалалық орта құрудың тиімді құралына айналды. Алматы әкімдігі оның дамуын қолдауға ниетті. 2025 жылғы қала бюджетінде «ХҚБ» жобаларына 17,1 млрд теңге қарастырылған.

«ХҚБ» бағдарламасы аясында Алатау ауданындағы қараусыз қал-



ған бос жер көрікті скверге айналды. Жобаның авторы Гаухар Шералиеваның бастамасымен жергілікті тұрғындар әкімдікпен тығыз жұмыс істеп, аумақты көркейтті. Жаяу жүргіншілер жолдары, аркалар, орындықтар, демалыс аймақтары, жарық шамдары мен автотұрақтар салынды. Сондай-ақ, скверге ағаштар мен бұталар отырғызылып, ауданның келбеті айтарлықтай өзгерді.

Наурызбай ауданында тұрғындар аудан әкімдігімен бірлесіп «Шұғыла» тұрғын үй кешенінің аумағын түрлендірді. Мұнда балалар және воркаут алаңдары, баскетбол алаңы, амфитеатр, демалыс орындары, орындықтар мен әткеншекті бар «Арбат» жасалды. Бірегей сәулеттік стильдегі шағын

формалар мен жарықтандыру тіректері кеңістікті ерекшелей түсті.

Әуезов ауданында да бірқатар жоба жүзеге асты. Жергілікті тұрғындардың бастамасымен 2-шағын аудандағы аула және 1-шағынаудандағы қараусыз қалған аумақ көріктендірілді. Қоғамдық кеңістіктерде ағаштар мен бұталар отырғызылып, суару, жарықтандыру және бейнебақылау жүйелері орнатылды.

«Өтінішімізге назар аударған билікке көп рахмет. Бірнеше айдың ішінде қараусыз қалған бұл учаске жайлы скверге айналды», – деді тұрғын Лариса Мирғалиева.

«Халық қатысатын бюджет» жобасы қалалық инфрақұрылымды жақсартып, Алматының барлық тұрғыны үшін жайлы орта құруға септігін тигізеді.



Алматы электрмеханика колледжі:

МАҚСАТ – САПАЛЫ КАДР ДАЯРЛАУ

Алматылық студенттер
Германияға тәжірибе
алмасуға аттанды

Мемлекет басшысы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Алматы электрмеханикалық колледжі жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын жүзеге асырып келе жатқан бірден-бір оқу орындарының бірі. Студенттер колледж қабырғасында дәріс ала отырып, кәсіптік-техникалық білім беру аясында тиісті мамандықтар бойынша тәжірибелік дағдыларды игеруге кеңінен мүмкіндік алады.

Алматы электрмеханика колледжінің 4-курс студенттері биыл «Электрмеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», «Электр жабдықтарын монтаждаушы», «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», «Автомобиль электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электрлік (Автоэлектрик)» мамандықтары бойынша Германияның жетекші компанияларында болып, өндірістік тәжірибеден өту мүмкіндігіне ие болып отыр.

Өткен оқу жылында колледж ұжымы бірнеше ірі компаниялармен ынтымақтастықта өте белсенді жұмыс жасады. Атап айтсақ, «Actemium miprotek GmbH», «AMP Leuna GmbH», «SITEX Textile Dienstleistungen Simeonsbetriebe GmbH», «Hans Kupfer & Sohn GmbH» секілді танымал неміс компанияларымен меморандумға қол қойылып, халықаралық ынтымақтастықты дамыту жолға қойылды. Біздің мұндай қадамға баруымыздың басты себебі – қазіргі заманауи технологиялардың дамып, бәсекелестіктің белең алып отырғаны. Серіктестіктің нәтижесінде шетелдік компаниялармен тығыз байланыс орнап, студенттер заманауи технологияларды меңгереді.

Сондай-ақ, кәсіби шеберліктерін шыңдап, халықаралық стандарттарға сәйкес білім алуына зор мүмкіндік туады. Осындай ортақ келісімнің арқасында 20 студентіміз Германияға тәжірибеден өтуге аттанды. Олар Германияның «Actemium miprotek GmbH», «Actemium Cegelec Mitte GmbH», «AMP Leuna GmbH», «SITEX Textile Dienstleistungen Simeonsbetriebe GmbH», «Hans Kupfer & Sohn GmbH» компанияларында тәжірибеден өтіп, біліктіліктерін арттыратын болады.

Аталмыш жоба ТОО «Janser HR academy» директоры, Executive MBA, PhD докторы, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген энергетигі, ҚР Құрметті машина жасаушысы Хайрулла Қожабаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқанын зор мақтанышпен айтамыз. Танымал тұлға еліміздегі инженерлік-техникалық мамандарды әлемдік деңгейде даярлауға ерекше үлес қосып келеді. Сонымен қатар, арнайы пән оқытушылары Бұлбұл Мұнбаева, Айнаш Тоқтыманова, Айдана Жұмамұратованың да еңбектерін айрықша атап өткім келеді. Бұл ретте колледж ата-аналары да бізге үнемі қолдау көрсетіп, бірлесе еңбек етіп келеді.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жұмысшы мамандықтарға қолдау көрсетіп, тұтас бір жылды арнауы біз үшін үлкен көмек. Бастама аясында аталмыш тәжірибе болашақ мамандардың білімін жетілдіріп қана қоймай, еліміздің өндірістік әлеуетін арттыруға да зор үлес қосатын болады. Яғни Германияның ірі компанияларында болып, тәжірибе жинау – студенттеріміздің кәсіби тұрғыда дамуына ғана емес, Қазақстанның индустрия саласының жаңа деңгейге көтерілуіне мүмкіндік беретініне сенемін.

Алматы электрмеханика колледжі осындай бастамалар арқылы Жұмысшы мамандықтары жылы шеңберінде сапалы кадрларды даярлау ісіне қомақты үлес қосады. Бұл тек біздің колледж студенттерінің ғана емес, бүкіл еліміздегі техникалық мамандардың әлеуетін нығайтатын маңызды қадам.

Болатжан БОЗЫМБАЕВ,
Алматы электрмеханика колледжінің директоры,
ғылым кандидаты.

«Жас маман» жобасы:

«ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ ИНДУСТРИЯСЫ»

құзыреттілік орталығы жұмыс істейді

Мемлекет басшысы
Қазақстан халқына
Жолдауында 2025 жылды
«Жұмысшы мамандықтары
жылы» деп жариялап,
кәсіптік білім беруді
реформалаудың, қажырлы
еңбек пен кәсіпқойлық
идеясын насихаттаудың
маңызды-лығы туралы
айтты.

Біздің Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжінің негізгі міндеті – жұмыс берушілерге, қоғамға және мемлекетке қажетті мамандықтар мен кәсіптер бойынша, еңбек нарығының талаптарына сай білікті мамандар даярлау.

Туризм мен қонақжайлылық индустриясының үдемелі дамуы – қазіргі заманның ең жарқын құбылыстарының бірі. Қызмет көрсету саласы ұлттық бюджетке қосқан үлесі жағынан да, онда жұмыспен қамтылғандар саны жағынан да басымдыққа ие болып отыр. Қазіргі экономикадағы қызмет көрсету саласының маңызы үнемі артып келеді, бұл қонақүй кәсіпорындарын басқарудың жаңа тәсілдерін әзірлеуге және осы ұйымдар қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыруға байланысты көптеген мақсат-міндеттердің туындауына алып келеді. Студенттердің кәсіби ортаға интеграциялануы маңызды. Бұл ретте



әлеуметтік серіктестермен Алматы қаласының жетекші кәсіпорындарында кәсіби тәжірибеден өту туралы 300-ден астам келісім-шарттардың жасалуы түлектеріміздің кәсіби біліктілігін арттыруға ықпал етеді. Осы орайда, мамандар даярлауда Қазақстандық қонақүйлер мен мейрамханалар қауымдастығы (ҚҚЖМҚ), Қазақстанның туристік қауымдастығы (ҚТА), Қазақстан тағам кәсіпорындарының одағы, «Құмбел мәдени-әлеуметтік және білім беруді дамытудың Қазақстандық қоры» БҚБ, тағы басқа да әлеуметтік серіктестіктеріміздің рөлін атап өткім келеді және олармен ықпалдастықтың арқасында колледж өмірі жандана бастады.

2022 жылдан бастап колледжде

«Жас маман» жобасы аясында ашылған «Қонақжайлылық индустриясы» құзыреттілік орталығы жұмыс істейді. Орталық кәсіби құзыреттіліктерді, жаңа технологиялық шешімдерді және заманауи кәсіби дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, орталықтың базасында кәсіби байқаулар мен халықаралық чемпионаттарға дайындалу үшін оқу-жаттығу лагерьлері жұмыс жасауда.

Колледждің оқу-тәжірибелік шеберханалары табысты жұмыспен қамтылуға ықпал ететін кәсіби дағдылар мен қабілеттерді тәжірибеде қолдануға мүмкіндік беретін заманауи инновациялық жабдықтармен жабдықталған. Кәсіптік-техникалық білім беру жүйесін трансформациялау және Жұмысшы мамандықтар жылын өткізу аясында колледжде жұмысшы мамандықтарының беделін, кадрлар даярлау сапасын арттыруға, жұмыс берушілермен өзара қарым-қатынас жасауды кеңейтуге ықпал ететін іс-шаралар жоспарланған.

Заманауи постиндустриалды қоғам оқу орнының бәсекеге қабілетті түлегін дайындауға жаңа талаптар қояды. Қонақжайлылық индустриясы түрлі пәндер бойынша өзекті теориялық және практикалық біліммен қаруланған және бизнесті жүргізуді жақсы меңгерген жас мамандарды қажет етеді.

Нұрдаулет ЖАБЫҚБАЕВ,
КМҚК Туризм және
қонақжайлылық индустриясы
колледжінің директоры.

«Біртұтас тәрби» бағдарламасы:

ЖЕҢІСКЕ – ТАҒЗЫМ!

Әди Шәріпов атындағы
№16 мектепте тағылымды кеш өтті

Биыл сонау сұрапыл соғыстағы Ұлы Жеңіске 80 жыл толғалы отыр. Осыған орай, Алматы мектептерінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Жеңіске – тағзым!» акциясы басталып, айтулы мерекеге жан-жақты дайындық басталып та кетті. Шараны қаламыздағы Әди Шәріпов атындағы №16 мектеп ұжымының алғашқы болып бастауы тегін емес. Батыр атындағы мектеп ұжымы мұндай шараға белсене қатысуды өздеріне зор құрмет әрі үлкен жауапкершілік деп қабылдайды.

Аталмыш кеш Әди Шәріповке арналған мұражайды аралаудан басталды. Мұражай төріне батыр тұтынған бұйымдар, сарғайған суреттер, батырдың құжаттары, марапаттары, соғыс даласынан жазылған хаттар, басқа да құнды жәдігерлер қойылған. Соғыс бастала салысымен майданға аттанған бозбала Белоруссия, Смоленск, Орлов облыстарын қорғау үшін партизан отрядының құрамында командир болған. 1943-1944 жылдары Смоленск штабының партизан қозғалысын басқарды.

Кездесуге келген қонақтар Әди Шәріпов туралы «Беларусьфильм» түсірген «41 жылдың жазы» фильмінен үзіндіні және «Жас өркен» театрының өнерлі оқушылары сахналаған «Қапастағы жұлдыздарды» тамашалады.

Шарада Алмалы ауданының әкімі Арман Шәмшин, аудандық «Ұстаз» кәсіподағының төрайымы Раушан Дүйсебайқызы, аудандық білім бөлімінің басшысы Зоя Қашқымбаева



тәрбиелік мәні бар шара туралы жылы лебіздерін білдірді. Жиын соңында Әди Шәріповтің немересі Арсен сөз алып, өз ризашылығын білдірді. Батырдың ұрпағы: «Әди Шәріповті Отанын жаудан қорғаған, өз ұлтының батыры ретінде ұлықтап, есімін жаңғыртып отырғандарыңыз үшін әулетіміздің атынан ризашылығымызды білдіреміз» дей келе, мектеп кітапханасына жазушының бірнеше кітабын сыйға тартты. «Біз соғысты көрген жоқпыз, Көргіміз де келмейді» деп жырлаған оқушылар, әсерлі кешті әдемі әнмен аяқтады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Клара МЫҢЖАСАРОВА,
Әди Шәріповтің жары:

ЕРЛІГІ ДЕ, ЕҢБЕГІ ДЕ
НАҒЫЗ ТӘРБИЕ МЕКТЕБІ

Мен үшін бұл шаңырақтың орны ерекше. Өзімнің туған үйімнен кем көрмеймін. Отағасым бір бүйірден шыға келетіндей. Кезінде Әдекең білім министрі болып тұрғанда талай мектептің ашылуына мұрындық болды ғой. Ол кісінің осы мектепке де зор еңбегі сіңді. Елі үшін еңбек еткен азаматтардың еңбегі ескерусіз қалмайды екен. Мен осы мектепке келіп, оқушылармен кездескен сайын Әди аталарының ерлігін, еңбегін, бала тәрбиесіне қосқан үлесін үнемі үлгі болсын деп айтып отырамын. Ол кісінің балалық шағынан бастап, жүріп өткен жолы, ерлігі, еңбегі барлығы да нағыз тәрбие мектебі. Бүгінгі жастар өз халқымыздың батырларын танып өссе, бұл олардың тарихты танығаны емес пе? Әдекең өмірден өткен соң, оның ілімін жалғастыру керек екенін ұғынып, тиісті мекемелерге барып, мектепке есімін берсе деп өтініш айтқан едім. Жақсылық жасасаң, ол ешқашан ұмыт қалмайды екен ғой. Ел азаматтары өгінішімізді аяқсыз қалдырмай, мектепке есімін, мына көшеге атын берді. Осы жолда Әдекеңнің аруағын сыйлап, азаматтық танытқан жандардың барлығына алғыстан басқа не дейін... Мектепте Әди аталарыңа арналған мұражай бар. Әдеттегідей, бас сұғып, аралап шықтық. Ондағы барлық дүниені көзіңіз қарашығындай сақтап отырған мектеп басшысы Алтынкүл Зейноллақызына әулетіміздің атынан үнемі алғысымызды айтамыз. Батырдың әруағы желеп-жебеп жүрсін деймін. Осы мұражайды ашатын кезде де екеуіміз сонау Семейге дейін барып, көз көргендерден Әдекең туралы біраз мұрағат жинап қайтқан едік. Соның барлығы қазір мұражайда сақтаулы тұр.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ЖАҢА ТРЕНД

ҰЛТТЫҚ МЕЙРАМХАНАЛАР

қазақ мәдениетінің байлығын әлемге паш етумен қатар,
елдегі туризмді дамытуға да оң әсерін тигізуде

Қазақы мейрамханалар кейінгі жылдары елімізде кеңінен танылып, қазақтың ұлттық тағамдарын әлемдік гастрономиялық аренаға шығару жолында маңызды қадамдар жасай бастады. Түрлі брендтер, мысалы, Tagu, Sandyk, Tobe секілді қазақы мейрамханалар тек жергілікті тұрғындарға ғана емес, сонымен қатар туристерге де ұлттық тағамды танытуға мүмкіндік берді. Қазір мұндай мейрамханалар тек қала ішінде ғана емес, табиғат аясындағы демалыс орындарында да ірге жайды.

Алматының әсем табиғатын тамашалауға келген шетелдік туристер тау бойында орналасқан қазақы мейрамханаларды байқап, ұлттық тағамдарымызға жоғары бағаларын беріп, қазақтың қонақжайлылығына тәнті болып жатады. Бұл үрдіс қазақ мәдениетінің байлығын әлемге паш етумен қатар, елдегі туризмді дамытуға да оң әсерін тигізуде.

бірдей маңызды рөл ойнап тұр, мұның барлығы ұлтымыз бен еліміздің әдемі көрінісін көрсетуде. Бұл дегеніміз, еліміздің мәдениеті мен туризмінің дамуына зор ықпал етіп отырған үлкен кадам. Туристер үшін бұл тек тамақтану орындары ғана емес, жаңа мәдениетпен танысу, тарихи дәстүрлерді түсіну мүмкіндігі болып табылады. Қазақы мейрамханаларда ұсынылатын тағамдар шетелдіктерді тәнті етіп, көптеген туристер өздерінің сапарында ұлттық асхананы міндетті түрде тәжірибеден өткізеді.

Қонақтар қазақтың қонақжайлығын, табиғи байлығын, ұлттық дәстүрлерін ас арқылы сезінеді. Әрбір тағаммен бірге қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұрасы мен ұлттық құндылықтары да таныстырылады. Сонымен қатар, қазақы мейрамханалардың ашылуы мен таралуы еліміздің ішкі экономикасына да оң әсер етеді.

ГАСТРОНОМИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

Бұл, әсіресе, жергілікті өнімдер мен ауыл шаруашылығы салаларына сұранысты арттырып, ұлттық азық-түлік нарығының дамуына ықпал етеді. Қазақы мейрамханалар көбейген сайын олар тек ұлттық тағамдарды ұсына отырып, жергілікті өнімдерге де сұранысты арттырады. Мысалы, ет, сүт өнімдері және тағы да осы секілді азық-түлік өнімдері мейрамханаларда жиі қолданылу әсерінен жергілікті фермерлер мен шаруашылықтардың өндірісін ынталандырып, сұраныстар арта түседі.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

ДӘМ МЕН ДИЗАЙН ТОҒЫСҚАН

Қазақы ас ұсынып отырған мейрамханалардың ерекшеліктері олардағы дәм мен дизайнның тоғысуында дер едік. Босағадан аттаған сәттен бастап, әрбір зат өз бойында Қазақстанның рухын сездіріп, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрдің тереңдігін паш ететіндей. Ғасырлар дәстүрін өзінде сақтаған қолдың кілемдері жайлылықты, жылулықты, қазақтың қонақжайлығын жеткізіп тұрғандай әсер береді.

Қазақтың дәстүрлі асы – халықтың тарихы мен мәдениетінің айнасы. Әрбір тағам қазақ халқының тіршілігін, салт-дәстүрін, қоғамдағы орны мен мәртебесін көрсетеді. Қуырдақ, бешбармақ,

қой етінен пісірілген тағамдар, ұлттық сусындарымыз бен құрт, ірімшік секілді ұлттық дәмдер – тек адамның асқазанына ғана емес, оның рухына да әсер ететіні сөзсіз. Мұндай тағамдармен туристер қазақ халқының қонақжайлылығын, бірегей дәстүрлерін және тарихын жақыннан танып, сезінеді.

Ұлттық тағамды ұсынатын мейрамханалардың арқасында, әсіресе, Қазақстанға келетін шетелдік туристердің қазақы асханаларға қызығушылығы артауда. Мейрамханаларда тек ұлттық астың дәмін татып қоймай, ішінің өзінде ұлттық әрлеумен жасалғанын байқай аламыз. Ою-өрнек, ішкі атмосфераны сезіндіріп тұрған ұлттық күй, тіпті қазақ тіліндегі ерекше мәзір, қазақы нақыштағы киім киген даяшылар мен қазақтың көне мәдениетін көрсететін ыдыс-аяқтар тағаммен



Суреттер ғаламтордан алынды.


Мейрамханалар қазақтың дәстүрлі ет немесе құрт сияқты ұлттық тағамдарын ұсыну үшін жергілікті мал шаруашылығынан алынған ет пен сүт өнімдері қажет болады. Бұның өзі ауылдық аймақтардағы кәсіпкерлікті қолдауға және олардың өнімдерін нарыққа шығаратын мүмкіндіктердің бірі болып отыр. Бұл өнімдер тек ішкі нарықта емес, экспортқа да шығатын өнімдерге айнала алады, өйткені шет елдегі қандастарымыздың арқасында өзге елде қазақы мейрамханалар мен ұлттық тағамдар сататын орындар саны жылдан-жылға артып отыр. Осындай нәтижелердің арқасында қазақтың ұлттық асханасының дамуы ауыл шаруашылығының дамуына ықпал етеді.

Қазақы мейрамханалардың көбеюі еліміздің гастрономиялық мәдениетін әлемге танытып қана қоймай, сондай-ақ ұлттық дәстүрлердің заманауи насихатталуына да жол ашады. Туристердің ұлттық тағамдарға деген қызығушылығы мен қазақы асханалардың халықаралық нарыққа шығуы қазақ мәдениетінің жаңа бағытта дамуына серпін береді. Дәм мен дәстүрдің біріккен мәдениеті арқылы қазақ халқының тарихы мен мәдениетін бүкіл әлемге танытуға болады. Әрі бұны ұлттық құндылықтарды дамыту мен туризмді ілгерілетудің өнімді тәсілі ретінде қолдануға мүмкіндік зор.

OpenAI ұсынады:

«TASKS» ЖАҢА ҚЫЗМЕТІ

ChatGPT-ге белгілі бір істі еске салуға және жоспарланған тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді



(Cypet: Linked In).

OpenAI «Tasks» («Тапсырмалар») деп аталатын жаңа функцияны ұсынды. Бұл мүмкіндік ChatGPT-ге белгілі бір істі еске салуға және жоспарланған тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді. Аталған функция бета-нұсқада қолжетімді және чат-ботты «Google Ассистент» немесе Siri сияқты виртуалды көмекшіге жақындату мақсатын көздейді.

Бір уақытта – 10 тапсырма

Tasks функциясы арқылы ChatGPT-ге белгілі бір тапсырманы қашан және қалай орындау керектігін айтуға болады. Мысалы, күн сайын белгілі бір уақытта ауа райы болжамын жіберуді сұрауға, паспорттың жарамдылық мерзімін еске салуға немесе балаларға ұйықтар алдында ертегі дайындауды тапсыруға мүмкіндік бар, деп хабарлайды The Verge.

Бұл функцияны пайдалану үшін жазылушылар ChatGPT мәзірінен «40 with scheduled tasks» моделін таңдап, өтінішін нақты тұжырымдап, орындау уақытын көрсетуі қажет. Сонымен қатар, Tasks алдыңғы диалогтарға сүйене отырып, жаңа тапсырмаларды ұсына алады, бірақ пайдаланушы әр ұсынысты қолмен растауы тиіс. Тапсырмаларды чат ішінде немесе веб-нұсқадағы жаңа Tasks бөлімінде басқаруға болады. Тапсырмалар орындалғаннан кейін, пайдаланушылар барлық құрылғы-

(Дереккөз: <https://qazgpt.kz/>)

(Cypet: Dash of insight).

ларына хабарламалар ала алады. Айта кету керек, бір уақытта 10 белсенді тапсырма ғана орындала алады.

Бета-нұсқада қолжетімді

Бұл жаңалық қазірдің өзінде Plus, Team және Pro тарифтерінің жазылушыларына арналған бета-нұсқада қолжетімді. OpenAI бұл функцияның тегін нұсқада қолжетімді болатынын нақтыламаса да, Tasks премиум тарифтердің бір бөлігі болып қала береді деп болжануда. Бұл тарифтердің бағасы айына \$20 немесе \$200 долларды құрайды.

Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін ChatGPT нақты уақыт режимінде ғана жұмыс істеп, сұраныстарға сол мезетте жауап беретін. Бірақ OpenAI ұзақ мерзімді жоспарлау мүмкіндігін қосу арқылы құралдың ауқымын

кеңейтуді қолға алды. Бұдан бөлек, компания жаңа әзірлемелер жасауда. Мысалы, компьютерлерді басқара алатын автономды Agent Operator және Tasks функциясымен бірігіп, ақпарат іздеуге, мәліметтерді талдауға, сайттарды шарлауға және құжаттармен жұмыс жасауға мүмкіндік беретін Caterpillar жобалары дайындалуда.

Дегенмен, жаңа функцияның болашағы зор болғанымен, кейбір мәселелер шешілмеген күйінде қалуда. Мысалы, Tasks маңызды әрі шұғыл тапсырмаларды қаншалықты сенімді орындай алады деген сұрақ бар. Бета-нұсқаның іске қосылуы OpenAI-дің бұл функцияны әлі сынақтан өткізіп, пайдаланушылардың пікірлерін жинап жатқанын білдіреді, яғни оның толықтай сенімділігіне кепілдік берілмейді.

Жаңа ойлау моделі

Компания өз моделінің келесі буынын қауіпсіздік тестілеу кезеңінде екендігін хабарлады. OpenAI өзінің «Ship-mas» шарасының соңғы күнінде жаңа «ойлау» қабілеті бар «o3» және «o3-mini» деп аталатын модельдерін алдын ала таныстырды.

Бұл модельдерді бүгін қолданысқа шығармайды (және оларды толық жетілдіру үшін қосымша оқыту қажет екенін мойындап отыр). Дегенмен, OpenAI зерттеушілер қауымдастығынан осы жүйелерді көпшілікке жарияламас бұрын тестілеуге өтінім қабылдай бастады (модельдердің нақты шығу күні әлі белгісіз). OpenAI қыркүйек айында «o1» (коды «Strawberry») моделін таныстырып, «o2» нұсқасын өткізіп жіберді. Бұған себеп ретінде компания атаудың шатастыру қаупін немесе Ұлыбританиядағы «O2» телекоммуникациялық компаниясымен сауда белгісіне байланысты туындауы мүмкін мәселелерді атады.

«Ойлау» дегеніміз не?

Қазіргі уақытта жасанды интеллект саласында «ойлау» термині жиі қолданылып жүр. Бұл термин машинаның тапсырмаларды кішігірім бөліктерге бөлу арқылы нәтижеге қол жеткізу қабілетін білдіреді. Мұндай модельдер тек қорытынды жауапты беріп қана қоймай, оған қалай жеткенін де түсіндіреді.

Мәлімдемелер мен жетістіктер

Компанияның айтуынша, «o3» моделі бұрынғы көрсеткіштер бойынша рекордтарды жаңартқан. Ол программалау бойынша тесттерден (SWE-Bench Verified) 22.8%-ға жоғары нәтиже көрсетіп, OpenAI-дің бас ғалымынан да асып түскен. Модель ең күрделі математикалық сайыстардың бірі (AIME 2024) барысында тек бір сұрақтан қателесіп, сараптамалық деңгейдегі ғылыми мәселелер (GPQA Diamond) бойынша 87.7% нәтижеге қол жеткізген. Ең қиын есептер мен логикалық тапсырмаларда «o3» 25.2% мәселені шешкен (бұл жерде басқа модельдер 2%-дан аспаған).

Қауіпсіздікке жаңа көзқарас

Компания жаңа зерттеулердің «қадамдық сәйкестік» тақырыбына арналғанын жариялады. Бұл әдіс бойынша жасанды интеллект модельдері қауіпсіздік шешімдерін қадамдап талдайды. Яғни ЖИ тек иә/жоқ деген жауаптар бермей, сұраныстың OpenAI-дің қауіпсіздік саясатына қаншалықты сай екенін ой елегінен өткізеді. Компанияның мәліметінше, бұл әдісті «o1» моделінде сынағанда, оның қауіпсіздік нұсқауларын орындау қабілеті бұрынғы модельдерден, соның ішінде GPT-4-тен де жоғары болған.

Мейіржан
ӘУЕЛХАНҰЛЫ,
IT сарапшы,
журналист.



АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯ

АЛМАТЫ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘУЕ ҚАҚПАСЫ

2024 жылы 14 миллион жолаушыға қызмет көрсетуге қауқарлы жаңа терминал іске қосылды

1991 жылы 1 ақпанда Алматы қаласының әуежайында Қазақ КСР Алматы авиациялық жасағы командирінің бұйрығымен елімізде алғаш рет авиациялық қауіпсіздік қызметі құрылды. Ал 2019 жылы Авиациялық қауіпсіздік қызметінің шешімімен 1 ақпан – Авиациялық қауіпсіздік қызметінің ардагерлері мен қызметкерлерін ұлықтау күні болып белгіленді.

Гүлжанат
СЕМБАЕВААЛҒАШҚЫ
РЕЙС

Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Азаматтық авиация – отандық көлік жүйесіндегі маңызды сала. Қазақстан бүгінгі таңда Халықаралық Азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттарына сәйкес ұшу қауіпсіздігі деңгейі бойынша ТМД елдері арасында 74% көрсеткішпен 2-орында тұр.

Халықаралық рейстер 27 елде аптасына 518 рейс жиілігімен 115 бағыт бойынша орындалады. Қазақстанда 23 әуежай (18 халықаралық, 5 ішкі) және 6 тікұшақ аялағы жұмыс істейді.

Қазір елде авиация саласындағы маңызды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру басталды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен биыл Қатонқарағай, Зайсан және Кендірлі курорттық аймақтарында жаңа әуежайлар салынбақ. ҚР мемлекеттік тізімінде 912 әуе кемесі бар, 75-і тұрақты жолаушылар рейстерін жүзеге асырады. Air Astana – ең ірі әуе паркі, ал ең жас кемесі бар әуе компания – Qazaq Air. Қазақстандық тасымалдаушылардың әуе кемелері паркіндегі ең көп таралған ұшақ түрі – AIRBUS 320-232, ең үлкен ұшақ – Boeing 767-3KX. Ал әуежайлардың ішінде 2024 жылы Алматы халықаралық әуежайы (10 млн-нан аса адам) ең көп жолаушыға қызмет көрсеткен.

Қазақстан авиациясының тарихына зер салсақ, отандық әуе тасымалы қалыптасқан кезеңде-ақ Алматы қаласы еліміздің әуе қақпасына айналды. Өткен ғасырдың 20-жылдары азаматтық әуе тасымалы саласы адамзат өміріне ерекше ықпал етті. Алматыда, Оралда, Ақтөбеде авиакәсіпорындар мен әуежайлар салына бастады. 1923 жылы Верный ипподромының алаңында, қазіргі Орталық стадион аймағында бірінші Алматы әуежайы жабдықталды. Тура бір жылдан кейін 1924 жылы Ташкент аэродромынан Алматы әуежайына бағыт алған

алғашқы рейс Қазақстанның азаматтық авиация саласының қызметі басталған бірінші сапары еді. 1929 жылдың мамыр айында жолаушылар мен жүк тасымалына арналған K-4 ұшағы Украинадан Қазақстан мен Орта Азияға жеткізіле бастады. Барлығы оннан астам ұшақ жолаушыларды тасуға, топографтар мен геодезистерге қажетті құралдарды жеткізуге, шопандар мен геологтарға шұғыл көмек көрсетуге және Түркісіб құрылысына пайдаланылды. 1930 жылы Алматы әуежайы ашылды. 1936 жылы Алма-Ата – Мәскеу бағытындағы ұшулар тәжірибе түрінде ұшқан рейстер болды.

Халықаралық әуежайдың алғашқы ғимараты 1936 жылы сәулетшілер Б.Заварзин мен Г.Аникиннің жобалары бойынша салынған. 1957 жылы, 1973 жылы, 2000–2010 жылдар аралығында ғимарат жөнделіп, жаңа терминалдар жұмыс істеді. 2024 жылы 14 миллион жолаушыға қызмет көрсетуге қауқарлы жаңа терминал іске қосылды.

САЛАЛЫҚ МАМАН
ТАПШЫ

Ресми деректер бойынша, бүгінгі таңда Қазақстандағы әуежайларда, әуе компаниялар мен «Қазақавианавигация» ШЖҚ РМК авиациялық қауіпсіздік қызметінде 3 мыңнан астам адам ғана жұмыс істейді. Бұдан азаматтық авиация саласында мамандар тапшылығы барын байқаймыз. Қазір елімізде 2 мыңға жуық ұшқыш бар. Оның төрттен бірі – шетелдіктер. Инженерлік-техникалық қызметкерлер де жетіспейді. Ұшқыштардың тапшылығы тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде байқалады. Күннен-күнге әуе тасымалдарының саны артып, ел ішінде және шет елдерге жаңа рейстер ашылууда. Кейінгі үш жылда ұшақпен

ұшатын жолаушылар саны айтарлықтай өскен. 2023 жылы отандық әуекомпаниялар рекордтық 12,3 миллион адамды тасымалдап, әуежайлар 24,3 миллион жолаушыға қызмет көрсетсе, 2024 жылдың 11 айында бұл көрсеткіш 13,5 және 27,5 миллион адамды құрап, өткен жылмен салыстырғанда, 10% және 13%-ға өсті. Осының бәрі ұшқыштар мен авиацияға аса қажетті мамандар санының өсуіне себеп болып отыр.

Кейінгі уақытта ұшақ апаттары тым көбейіп кетті. Өткен жылдың соңында Ақтауда орын алған қайғылы жағдай бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. 38 адам қаза тапқан апаттан кейін әуе қауіпсіздігі жайында жиі сөз бола бастады.

Әуе қауіпсіздігі қызметінде ұзақ жыл жұмыс істеген ардагер авиаторлар осы саланың қазіргі деңгейіне баға беріп, біздің тарапымыздан қойылған сауалдарға жауап берген еді.

Әуе кемесінің ұшқыштарын тек Алматыдағы Азаматтық авиация академиясының қабырғасында дайындайды. Бұл оқу орнында жыл сайын 30–40 ұшқыш дайындалса, оның 60–70 пайызы жұмысқа орналасады. Отандық әуе компаниялар ұшқыштарды жұмысқа қабылдауда арнайы талаптар қояды. Ұшқыштар Еуропа одағының ұшу қауіпсіздігі агенттігінің (European Aviation Safety Agency) стандарттарына сай дайындалып, сертификат иегері болуы қажет. Сондай-ақ, әуе кемелерінің техникалық жағдайына жауапты инженер-механик пен техник-механиктердің тапшылығы да байқалады. Жылына шамамен, 200–220 маман оқытылуы керек. Авиация саласына аса қажетті мамандарды дайындайтын жалғыз оқу орны – Алматы қаласындағы Азаматтық авиация академиясы мен оның құрамындағы Авиация колледжі ғана.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әлжапар НҰРМҰХАНҰЛЫ,
Авиация колледжінің
директоры:



Бәрін шешетін – кадр

Мемлекет және қоғам қайраткері, сол кездегі Қазақстанның Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Сәкен Сейфуллин Қазақстан авиациясының болашағына зор сенім білдіріп, «Еңбекшіл қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») республикалық газетіне: «Әуе көлігі, ең алдымен, темір жолдар мен теңіз қатынасы аз, тек шексіз далалы елдерге қажет. Әуе кемесі ландшафтты таңдамайды, бірнеше сағат ішінде атпен бірнеше күн жүретін қашықтықты жүріп өтеді, сондықтан Қазақ даласында көліктің ең тиімді түрлерінің бірі авиация болып табылады. Егер бізде қалалар мен ауылдар арасында, орталық пен аймақтар арасында жақсы әуе көлік қатынасы болмаса, ел экономикада, білім беруде, өнерде артта қалып, саңырау және соқыр бола бермек...» деп жазады. Меніңше, жүз жыл өтсе де, Сәкеннің бұл сөзі бұрынғыдан да өзекті бола түскен сынайлы. Өйткені, авиация әлі де ұзақ сапарлар үшін таптырмас көлік түрі болып қала бермек. Бірақ ұшу құнының тым жоғары болуына байланысты әзірге азаматтардың дені ел ішінде әуе көлігін пайдалана алмай отыр. Арамызда ұшаққа мүлдем отырып көрмеген адамдар бар. Freedom Finance Global жүргізген әлеуметтік сауалнаманың қорытындысы бойынша, Қазақстанның 3 мың азаматынан респонденттердің 31,2%-ы авиатасымалдаушылардың қызметін ешқашан пайдаланбаған, яғни бір ғасыр бұрын Сәкен мінген ұшақ бортына қазіргі таңда оның әрбір үшінші отандасы әлі мінбеген.

Отандық әуе компаниялар Еуроодақтың «қара тізімінен» шыққаннан кейін Қазақстан ұшу қауіпсіздігінің деңгейін арттыруға және ол үшін қажетті ресурстарды бөлуге барынша күш салып келе жатқанын айта кеткім келеді. ҚР Көлік министрлігінің Көліктегі оқиғалар мен инциденттерді тергеу департаменті ұсынған ақпаратқа сәйкес, 2024 жылдың I жартыжылдығында ел аумағында 3 әуе апаты орын алып, оның ішінде 1 адам қаза тапқан, 22 маусым күні Мұғалжар ауданы, Жарық ауылы маңында дельтапланмен авиациялық-химиялық жұмыстарды орындау кезінде ұшу аппараты апатқа ұшырап, «SAMGAU Agro» ЖШС-нің ұшқышы қаза тапты.

Меніңше, әр өңірден келген студенттер 3-4 жыл Алматыда оқып, авиация мамандығы бойынша жұмыс таппаса да, басқа жұмысқа орналасып, осы шаһарда қалады. Өзге өңірлерде жалпы сала бойынша авиация мамандарының жетіспеуінің тағы бір себебі осы деп ойлаймын. Сондықтан өңірлерде азаматтық авиация мамандарын дайындайтын тағы да екі-үш колледж бен бір жоғары оқу орнын ашу бойынша азаматтық авиация саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган ретінде Көлік министрлігі мен Азаматтық авиация комитеті тарапынан кешенді жұмыстар атқарылуы керек.

Осы тұрғыда Академия кешенді жұмыстар атқаруда. EASA стандарттарына сай ұшқыштар (PART-FCL) мен инженер-механиктер (PART-66/147) дайындау орталықтарын құруды, осы айтылған мамандарды даярлаудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін әлемдік стандарттар мен озық тәжірибелерге сәйкес Академияның инфрақұрылымын салуды және ең бастысы EASA стандарттары бойынша академиялық сертификациядан өту бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде. Бұл ретте Академияға мамандандырылған жабдықтары бар жеке ұшу-жаттығу әуе аялағын, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсететін орталық салу және оқу-зертханалық базаны жаңартып, заманауи ұшу тренажерларымен жабдыктандыру қажет. Бұл жұмыстар қыруар қаржыны талап етеді, оны Академияның өз қаражатына игере алмайтыны анық. Сондықтан бұл өзекті мәселені шешу мемлекет тарапынан тиісті қаржыландыруды талап етеді. Бұл орайда Академияда мемлекеттік инвестициялық жобалар жасалып, тиісті мемлекеттік органдарға келісімге жіберілді. Ең бастысы, Көлік министрлігі мен Ғылым және жоғары оқу министрлігінің тарапынан қолдау бар.

МАМАН ПІКІРІ



Күрбосын БОЗЫМБАЙҰЛЫ,
авиация ардагері,
зейнеткер-ұшқыш:

Әуедегі төтенше жағдай:

БІЗГЕ ҚАТЕЛЕСУГЕ
БОЛМАЙДЫ

2009 жылы Халықаралық азаматтық авиация ұйымы бізге тексеріспен келіп, оның қорытындысы бойынша көп кемшілік анықталып, ұйым біздің елді «қара тізімге» енгізді. Сол жылдан 2017 жылға дейін Қазақстан авиациясы Еуроодақтың «қара тізімінде» болды. Еуропа елдеріне шығуға және Қазақстанда әуе компания ашуға тыйым салынды. Отандық мамандар кемшіліктерді жойып, қателіктерді түзету үшін бар күшін салып қызмет етті. Соның арқасында авиация мамандарының шоғыры қалыптасты. «Қара тізімнен» шыққан соң, бізге, ұшқыштарға үлкен міндеттер жүктелді. Қауіпсіздік деңгейін көтеру үшін тынымсыз еңбек еттік.

40 жыл өмірімді авиация саласына арнадым. Азаматтық авиация комитетінде, ұшақты ұшу жағынан, қауіпсіздік жағынан басқардым. 12 мыңнан астам уақыт әуеде ұштым. Ұшқыштардың өмірінде аспанда болған әр минут, әр секунд қауіпті болып саналады. Өйткені, ұшақты қанша жерден

тәжірибелі ұшқыш басқарса да, көкке көтерілген кез келген уақытта апатты жағдай орнауы әбден мүмкін. Сол үшін де ұшқыштарға бір рет те қателесуге болмайды.

1987 жылы жас командир болып ұшып жүрген кезімде әуеде ұшақтың бір қозғалтқышы істен шығып, жалғыз қозғалтқышпен әуежайға қонған сәт әлі күнге дейін өсімнен кетпейді. Одан кейін де талай қауіпті жағдай бастан өтті. Білім мен тәжірибенің күшімен, экипаждың жұмыла атқарған жұмысының арқасында талай апаттың алдын алдық қой. Әуедегі төтенше жағдай кезінде жауапкершілікті бірінші орынға қою керек болады.

Кеңес Одағы тарағаннан кейін біздің азаматтық авиация өте қиын жағдайда қалды. Себебі, оған дейін Одақтың құжаттарымен жұмыс істеп келдік. Егемендік алғаннан кейін халықаралық авиациялық ұйымның талаптарына сай құжаттар дайындау керек болды. Жас мемлекеттің авиациясының алдында әртүрлі сын-қатерлер күтіп тұрды. Барлық ел авиациялық қауіпсіздікті ретке келтіруді аңсайды, сол бағытта көп жұмыс істейді. Қазір зейнеттегі ұшқыш болсам да, авиациядағы жаңалықтарды, әуе компаниялардың жұмысын бақылап отырамын. Қауіпсіздік жағынан өте жоғары деп баға беремін. «Air Astana» дүниежүзіндегі ең қауіпсіз әуе компанияларының қатарына кіреді.

Әуе апаттарын болдырмау үшін жиі-жиі алдын-алу жұмыстарын жүргізіп тұру керек. Болған оқиғаларды талдап, әуе апаттарының себебін зерттеп, тексеретін мамандар санын көбейту қажет. Бізде сол жағынан ақпарат жеткіліксіз.

Сандар сөйлейді

*2024 жылдың I жартыжылдығында Қазақстан авиациялық әкімшілігінің Операциялық орталығына авиациялық оқиғалар туралы 510 хабарлама түскен.

Бұл 2023 жылмен салыстырғанда, үш есе көп.

* Әуе кемелерінің жүйелері мен компоненттерінің істен шығуы туралы 92 хабарлама келген.

*Былтырғы жылдың I жартыжылдығында құстарға қатысты 87 хабарлама алынған, оның 9-ы елден тыс жерлерде орын алған.



МАМАН МІНБЕРІ

ЖАҢАШЫЛДЫҚ

МЕГАПОЛИС МАМАНДАРЫНА СЕНІҢІЗ

Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі қолжетімді болады

ЗООНОЗДЫҚ
ИНФЕКЦИЯЛАРолардан сақтану
жолы қандай?

Алматылық эпидемиолог зооноздық инфекциялар мен оның адамға төнетін қаупі туралы айтты. Зооноздық инфекциялар – жануарлар мен адамдарға тән ауру. Олардың қоздырғыштары жануарлардан адамға жұғады, ал инфекцияның негізгі көзі – үй жануарлары мен олардың қалдықтары.

№11 қалалық емхананың эпидемиолог-дәрігері Әсия Құлжанова қандай аурулар зооноздық инфекцияларға жатқызылатынын айтты. Олар – бруцеллез, листериоз, лептоспироз, иерсиниоз, токсоплазмоз, эхинококкоз, құтырма және т.б. Маман зооноздық инфекцияның ауру адамнан дені сау адамға жұқпайтынын баса айтты.

Алматыда жыл сайын бруцеллез, листериоз, иерсиниоз сияқты аурулар тіркеледі. Әсия Құлжанованың айтуынша, ауруды жұқтырудың негізгі себептері мал өнімдерін, әсіресе, шикі сүтті, сондай-ақ, қаймақ, сүзбе, ірімшік, құрт, сары май сияқты пастерленбеген ашытылған сүт өнімдерін тұтыну болып табылады.

Бруцеллез – дене қызуының көтерілуі, қалтырау, әлсіздік сияқты тұмауға ұқсас белгілермен басталатын ауру. Егер емделмеген болса, ауру асқынып, артритке, жүрек-тамыр жүйесі мен миға зақым келтіруі мүмкін. Дәл диагноз қою үшін зертханалық зерттеулер қажет.

Листериоз және иерсиниоз жануарлармен қарым-қатынаста, нашар термиялық өңдеуден өткен тағамдардан, сонымен қатар үйде кеміргіштерінен жұғады. Кеміргіштер осы инфекциялардың қоздырғыштарын тасымалдайды, көкөністер мен жемістерді нәжісімен ластайды. Ластаған тағамдарды тұтыну инфекцияға әкелуі мүмкін.

Листериоз және иерсиниоз жануарлармен қарым-қатынаста, нашар термиялық өңдеуден өткен тағамдардан, сонымен қатар үйде кеміргіштерінен жұғады. Кеміргіштер осы инфекциялардың қоздырғыштарын тасымалдайды, көкөністер мен жемістерді нәжісімен ластайды. Ластаған тағамдарды тұтыну инфекцияға әкелуі мүмкін.

Өзіңізді зооноздық инфекциялардан қорғау үшін эпидемиолог мыналарды ұсынады:

- қолданар алдында жануарлардан алынатын өнімдерді термиялық өңдеуден өткізіңіз;
- сүт өнімдерін сапасына кепілдік берілген жерлерден ғана сатып алыңыз;
- тамақтанар алдында көкөністер мен жемістерді жақсылап жуыңыз;
- үй шаруашылықтарындағы кеміргіштердің санын бақылауда ұстаған жөн.

Негізгі гигиена және қауіпсіздік ережелерін сақтау қауіпті аурулардан аулақ болуға және отбасыңыздың денсаулығын сақтауға көмектесетінін есте сақтаңыз!

Биыл елде кепілдендірілген тегін медициналық көмекке 1,6 трлн теңге бөлінеді деп жоспарланған. Сондай-ақ, бұл бағдарлама аясында ақысыз түрде жасалатын бірегей оталардың саны артып, халыққа одан әрі қолжетімді бола түспек.

Кепілдендірілген тегін медициналық көмек алғашқы медициналық қараудан бастап, шұғыл жағдайдағы емдеу мен алдын алу іс-шараларына дейінгі қызмет түрлерін қамтиды.

Мәселен, профилактикалық қарап-тексерулер және вакцинациялау; созылмалы аурулары бар пациенттерді динамикалық бақылау (инсульт, стенокардия, артериялық гипертензия, демікпе, нефрит және тыныс алу және ас қорыту ағзаларының аурулары және т.б.); әлеуметтік мәні бар ауруларымен ауыратын пациенттерді емдеу (онкология, туберкулез, қант диабеті, психикалық бұзылулар, АИТВ-ЖИТС, инфекциялар және т.б.); стационарлық және стационарды алмастыратын көмек те ТМҚКК пакетіне кіреді.

Бұл жүйедегі басты талап – кез келген уақытта қолжетімді болуға тиіс. Сондықтан көмекке мұқтаж тұрғындар арнайы сайтқа тіркелу арқылы кезекке тұрып, қажетті емге қол жеткізе алады.

Бүгінде Алматыда тегін медициналық көмек жүйесінің арқасында науқастар шет ел аспай-ақ, күрделі операциялар жасатуға мүмкіндік алып жүр. Себебі, мегаполис мамандарының да кәсіби шеберлігі шыңдалған. Қымбат тұратын жоғары технологиялық оталар да сәтті жасалып жүр. Жалпы, өткен жылдың қорытындысы бойынша Алматы қаласында медициналық көмек көрсетуге 334,2 миллиард теңге жұмсалды. Оның 175,7 миллиарды кепілдендірілген тегін медициналық көмек пакетін қаржыландыруға бөлінді.

Денсаулық сақтау министрлігі мәлім еткендей, биыл тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қызметін оңтайландыру кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, биылдан бастап барлық онкоскрининг кепілдендірілген тегін медициналық көмек пакетінде қолжетімді болады.

ХИРУРГИЯ

ШЕШУШІ ҮШ САҒАТ

Біздің онкологтар науқастан 20 сантиметрлік үлкен диафрагма ісігін сәтті алып тастады

Алматы онкологиялық орталығына 29 жастағы науқас ұзақ уақыттан бері ауру мазалап жүргенін айтып келді. Диагностикалық зерттеулер күрделі және сирек жағдайды анықтады, науқасқа шұғыл хирургиялық араласу қажет болды.

Гистологиялық зерттеу ісіктің қатерлі сипатын растады. Консилиум өткізілді, күрделі хирургиялық отаның жоспары әзірленді: диафрагма ісігін алып тастау; сол жақ өкпенің төменгі бөлігін резекциялау; сол жақ бүйрек үсті безін резекциялау; пролен торы арқылы диафрагманың тұтастығын қалпына келтіру; плевра мен іш қуысын дренаждау.

«Үш сағатқа созылған ота сәтті аяқталды. Мұндай көлемді диафрагманың зақымдануы өте сирек кездеседі. Бұл хирургиядағы ең қиын оталардың бірі саналады. Біз ісікті бір уақытта алып тастап, диафрагманы қалпына келтіре алғанымызға қуаныштымыз. Науқас сауығып кету жолында», – дейді онкохирург Абай Оразбаев.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

ЖАНАРЫҢ
СӨНБЕСІН

Сирек кездесетін көз артериовенозды фистуласы сәтті емделді

Алматы қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасына (ҚЖШККА) түскен 60 жастағы науқас сол көзінің шығыңқы екенін, үнемі қызарып тұратынын айтқан. Тексеру барысында өте сирек кездесетін диагноз – көздің артериовенозды фистуласы анықталды.

ҚЖШККА нейрохирург-маманы Максим Арғымбаевтың айтуынша, кейінгі 30 жыл ішінде әлем бойынша бұл аурудың небәрі 42 жағдайы тіркелген екен.

«Аурудың қаупі – экзофтальманың үдемелі дамуында, ол көру қабілетін жоғалтуға, тіпті көз алмасын алып тастауға мәжбүрлейтін жағдайға әкелуі мүмкін», – деп атап өтті дәрігер.

Артериовенозды фистула – артериялар мен тамырлар арасындағы қан ағымының бұзылуына әкелетін патологиялық байланыс.

Оталық бригада: нейро-

хирургия бөлімшесінің меңгерушісі Константин Ли, нейрохирург Максим Арғымбаев, анестезиолог Ринат Касенов, оталық медбике Эльмира Аюпова көз фистуласына күрделі рентгеноэндоваскулярлық эмболизация отасын жасады.

Ота бір сағатқа созылды. Ота жасау тобының жоғары кәсіби біліктілігі және үйлесімді жұмысының арқасында науқастың көз жанары соқырлықтан аман қалды. Операциядан кейінгі динамикада айтарлықтай жақсару байқалды: хемоз регресі орын алып, көзді толық жабу мүмкіндігі қалпына келді.

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

ЕМ ҚОНБАЙТЫН АУРУ ЖОҚ

Тек диагноз дер кезінде қойылғаны дұрыс дейді алматылық гастроэнтерологтар

Ойық жаралы колит және Крон ауруы сияқты ішектің қабыну аурулары (ІҚА) – пациенттердің өмір сүру сапасына айтарлықтай әсер ететін ең ауыр созылмалы, аутоиммунды ішек ауруларының бірі. Тұрақты ауырсыну, диарея, ағзаның әлсіреуі және әдеттегі өмір салтымен жүре алмау – науқастар осындай жайсыздықтарды сезінеді. Алайда, Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ мамандары бұл сырқатты да нәтижелі емдеуге болатынын айтады.

Жуырда Марина Суворова дәрігерлерге Крон ауруы диагнозымен ауыр жағдайда көмекке жүгінді. Ол үнемі іштің ауырсынуын, қанмен бірге жүретін дәретке жиі баруды және әлсіздікті бастан кешкен. Басқа мекемелерде емделгені нәтиже бермегендіктен, бұл оның физикалық және эмоционалдық жағдайын нашарлатқан.

Жағдайдың күрделілігін түсіне отырып, ҒЗИ дәрігерлері мұқият тексеру жүргізді: эндоскопиялық және зертханалық зерттеу, ішектің ультрадыбыстық зерттеуін, МР-энтерография жасады. Кешенді тәсілдің арқасында дәрігерлер аурудың сатысы мен сипатын дәл анықтай алды, бұл жеке терапияны тағайындауға негіз болды.

Екі жыл бұрын Қонаев қаласының тұрғыны Джульетта Хамуеваға (43 жаста) да ойық жаралы колит диагнозы қойылған. Оны қатты ауырсыну мен қан кету мазалаған, ерөң жүрген, күн сайын дене қызуы көтеріліп, температура 38–40°C-қа жеткен, 15 кг салмақ жоғалтқан. Ауру салдарынан ревма-

тоидты артрит дамып, тіпті сүйектері де ауырған. Басқа ауруханаларда емделгені нәтиже бермеген.

Оған Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ – ІҚА бойынша жетекші маман, басқарма төрағасының орынбасары Жамила Қайбуллаеваға жүгіну ұсынылған, ол пациенттің ауыр анамния, әлсіздік жағдайын ескере отырып, зерттеуден өту және терапияны таңдау үшін ауруханаға жатуына ықпал етті.

Джульетта №1 терапия бөлімшесінде емдеу курсына өтті. Емдеуден кейін аурудың тұрақты ремиссиясы байқалады. Дұрыс таңдалған кешенді және қарқынды терапия бір апта ішінде эндоскопиялық ремиссияға жеткенге дейін оның жағдайын едәуір жақсартуға мүмкіндік берді, оны институттың эндоскопиялық мамандары растады.

Осы орайда гастроэнтерологтар командасы: Жамила Қайбуллаева, Иса Мұсатаев және жас резидент дәрігер Әйгерім Сарбаеваның кәсіби еңбегін атап өткен жөн.

ҚАЛА ЖӘНЕ ИМАН

ҚАЗАҚ ҚАЙ КЕЗДЕ ҚАЗАН КӨТЕРМЕГЕН?

Немесе ас беру мәдениетіне мойынсұнсақ дейміз...

Жуырда дүниеден өткен үлкен кісінің үйіне көңіл айта бардық. Қыс мезгілі. Азалы үйге көңіл айта келушілердің аяғы үзілер емес. Бет көрісуге келген әр адаммен ілесе ішке қарай аяз да өңмендей кіреді. Едендегі төсеніштің бәрі жинап алынған. Аяқкімімен тапталып қалмасын дегені. Өлім болған үйдегі көз үйренген жағдай...

Нұржамал
ӘЛІШ

«ӨЗІМ БІЛЕМ...»

Көз жұмған кісінің сүйегі төргі бөлмеге қойылған екен. Есігі жабық, әрине. Кешкі қонақасыға дастархан мәзірі жасалып жатқаны байқалады. Әйел заты болғасын жан-жағына қарайсың дегендей, бір-екі келіншек үлкен табаққа екі қолды молынан салып жіберіп салат араластырып тұр екен. Өңгімелері де қолайсыздау, жеке шаруаларын қаузап тұр, арасында күліп қояды. Бұл көрініс көңіліме көлеңке түсірді. «Тамақ арсыз, күлкі арсыз» деген сол-ау. Жабырқап қалдым. «Үлкен кісі ғой, арты той болсын!» деген күнде де, марқұмның жамбасы әлі жерге тиіп үлгермеген үйде салат жасалып жатқаны қалай десек те ақтап алуға келмейтін жағдай.

Жалпы, бұған дейін де «Кісі қайтыс болған үй Құран оқытқанда дастархан үстінде шыны (кесе) қоятын орын таппайсың. Үйіп-төгіп жеміс-жидек те, салат та жасап қояды. Бұл дұрыс емес» немесе «Әркім өзі біледі, не қойғысы келсе де!» деген сынды пікірлерді естіп жүрміз ғой. Бәлкім, бізге ас беру мәдениетін енгізу керек шығар деген ой да келді осы сәт.

СӨЗ ТІЗГІНІ



Осы тақырыпта дін өкілдерінің ой-пікірін білмекке Алматы Орталық мешітін бетке алдық. Бізді қарсы алған мешіттің баспасөз өкілі «Өзекті мәселе, дәл қазір көтеріле бастаған тақырыпты айтып тұрсыз» деді. Сөйтіп, бізді *Алматы қаласы Орталық мешітінің жанынан ашылған «Qatqor-shararat» салттық қызмет көрсету орталығының директоры Талғат ДАЙРАБАЙҰЛЫМЕН* жүздестірді.

Орайы келіп тұрғанда айта кетейік, осыдан үш жыл бұрын Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының бастамасымен Алматы қаласы Орталық мешітінде осы «Qatqor-shararat» салттық қызмет көрсету орталығының өкілдігі ашылыпты. Бұл орталық бүгінгі күні өзекті мәселеге айналып отырған жерлеу рәсімдерін бір ізге түсіру, жаназа, ас беру кезіндегі дәстүр, әдептерді жүйелеу бағытында жұмыс істейді екен. Демек, біз көкейдегі сауалдарымызға нақты жауапты аламыз деп қуандық. Ендігі сөз тізгінін сол кісіге берейік.

ШАРИҒАТ НЕ ДЕЙДІ?

Бисмилла рахман-рахим, Аллаға мадақ, Пайғамбарымызға салауаттар болсын! Мынау



(Сурет ашық дереккөзден).

қасиетті Құран Кәрімде Алла Тағала айтады, сіздің туысқаныңыздан, жақыныңыздан біреу жан тапсырса, яғни раббысына қайтса, онда сізге төрт нәрсе міндет болады. Біріншісі – жуындыру. Екіншісі – кебіндеу. Үшіншісі – марқұмның бұл жалған дүниеде біліп те, білмей де істеген күнәлері болса кешірім сұрап, жаназа намазын оқу. Төртіншісі – жер қойнауына тапсыру. Осы төрт нәрсені орындасаңыздар, сіздер Алланың және марқұм болған кісінің алдындағы өз міндеттеріңізді орындағандарыңыз дейді. Ал сіз айтып отырған ас беру ол адамдардың өзінің шама-шарқына, мүмкіндігіне қарай жасалады, шариғатта ол міндеттелмейді. Шариғат дегеніміз – ол Құран мен хадис.

ҚҰРАН БАҒЫШТАҢЫЗ

Бірде Пайғамбарымыз саллаллаһу ғалейхи уассаламға бір адам келді. «Иә, Расул алла, бір кісі маған көп жақсылық жасады. Сол жақсылықтарын өскенде қайтарам деген ой болды. Күндердің күнінде мен де өсіп, өз қолым өз аузыма жеткен кезде әлгі жақсы адамды о дүниелік болып кетті. Мен енді оған не істей аламын?» деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз саллаллаһу алейхиуассалам үн-түнсіз қалды. Үнсіз қалғаны – ол өздігінен сөйлемейтін еді, Алладан хабар күтті.

Пайғамбарымыз біраздан кейін тіл қатты. «Сен оған Құран оқытып жақсылық жасай аласың, оның азығы да, тамағы да – Құран» деді. Демек, үйге бір имамды шақырып, мүмкіндігіне қарай бір тоқтысын сойып, сонымен Құран бағыштаса болды емес пе? Ең маңыздысы – Құран хатым оқыту.

ЖЫЛҚЫ СОЮ КЕРЕК...

Біздің қазақта «Өлім бардың малын шашады, жоқтың артын ашады» деген сөз бар. Аста-төк дастархан жаюға біреудің жағдайы келсе, екіншілері бір айлықтан екінші айлыққа әрең жетіп жүрген болуы мүмкін. Бірақ қиналып тұрса да жылқы сояды. Қазір жылқының өзі кемі бес жүз, алты жүз мың теңге тұрады. Иә, одан кейін дастарханы бар, басқасы бар. Оның барлығы шындап келгенде ысырапшылдыққа әкелуі мүмкін. Сондықтан әр нәрсені өзіндік нормалармен атқарған дұрыс.

Иә, мысалы, адамы қайтыс болып жатқан үйге барсаңыз, кейде бала-шағасын таппай қаласыз. Бірі жылқыға кеткен, екіншісі «Алтын ордаға» азық-түлік әкелуге кеткен болып шығады. Демек, бәрі той өткізетіндей шапқылап жүр. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үш күнге дейін қаза болған үйден тамақ жемеуді бұйырған. Қазақ сол дәстүрді ұстап, ертеректе алыстан келген сапаршыларға ғана, оның өзінде көршілері асуын қысыңған.

Ал қазір туысынан айырылып жатқан адам біреуден қарыз алса да дастархан жасаумен әуреленіп кетеді. Сол алған қарызын өтеу үшін қанша мехнат шегетінін ескермейді. Бұл, әрине, үлкен қателік.

ҚОНАҚАСЫ

Бірақ біз ешкімге дастархан жайма деп тағы айта алмаймыз. Себебі, мәйіттің иелері өзі

біледі. Дегенмен, қазір бүкіл республика бойынша ас беру мәдениетін қалыптастыру жолында жұмыс істеп жатырмыз. Жүрген жерімізде ысырапшылдыққа жол бермеуді насихаттаймыз. Біраз өңірде, әсіресе, ауыл, аудандарда жергілікті ақсақалдар кеңесінің, имамдардың шешімімен астың дастарханына қойылатын тағамдар тізімі бекітілген.

Айтпақшы, біз қазір Алматыда мейрамханаларға дүркіретіп тұрып жүз, екі жүз адамға қонақасы беруді тоқтаттық. Енді қоғам болғасын, бірлі-жарым адамдар кездесіп қалады. Болашақта олар да көпшілікпен ниет біріктіреді деп сенемін.

Алдағы уақытта асты тойханаларда емес, мешіттер жанынан ашылған асханаларда берілетін жағдайға жететін боламыз. Құранның мешітте оқылғаны абзал ғой. Иншалла, оған да жетеміз. Мысалы, еліміздің бірқатар өңірінде, атап айтсам, Алматы, Қызылорда облыстарында мешіт жанынан ас беру дәстүрі қалыптасып келе жатыр. Негізгі мақсатымыз, тағы да қайталап айтайын, ысырапшылдыққа жол бермеу.

ДАНДАЙСУҒА БОЛМАЙДЫ

Иә, ауылды жерлерде ас беру мәдениетіне мән берілуде. Себебі, ауыл деген жақсы ғой, аузы дуалы, бетке ұстар ақсақалдары, бетке тұтар имамы бар дегендей, халық оларды тыңдайды, сөзге тоқтайды. Ал біздің Алматы алып мегаполис болған соң, бақылау жасау, ысырапшылдыққа жол бермеу керек деген жақсы ниетімізді көпшілікке түсіндіру, жеткізу қиындау тиіп тұр әзірге.

Себебі, барлық кафе, мейрамханалардың ойы мол табыс, ақша табу ғана. Оларға дастарханға неғұрлым мол тағам қойылса, табыс та соншалықты көп түседі. Айналып келгенде, ысырапшылдыққа жол беріліп жатыр. Ал ысырапшылдық – Алла Тағала сүймейтін іс. Ысырапшылдық – тірнектеп тапқан дүниені мінез кеселі. Демек, орынсыз жұмсалған барлық нәрсені ысырап ретінде бағалауға болады. Ал Пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «Жендер, ішіндер, садақа беріңдер және киіңдер, бірақ ысырапшылдық пен дандайсуға жол бермендер».

ҚҰРМЕТ

Әрине, өзіміз мұсылман болғандықтан дәстүрімізді жоғалтпай, марқұмның қыркын, жылын беруді біз қолдаймыз, берген дұрыс. Бірақ ысырапшылдыққа жол бермеген абзал. Мысалы, бір кісі айтады, «әкеме көзі тірісінде ештеңе жасап бере алмап едім, тым болмаса асы дұрыс өтсін» деп жеміс-жидектің де түр-түрін қояды. Бұл – ысырапшылдық әрі өзі үшін мақтангершілік. Яғни өзін көрсеткісі келіп тұр. Құрметті әке-шешемізге көзі тірісінде көрсеткеніміз абзал.

Ал енді жылдық асын қалай өткізсе де, әркім көрпесіне қарай көсіліп бере берсін, қарсы емеспіз. Той қылып, ат шаптырып, көкпар тартқызып өткізе ме, өз еркі. Оның барлығы біздің дәстүрімізде бұрыннан бар.

«ТОЙ ДАСТАРХАНЫ ЕМЕС...»

Әлеуметтік желі оқырмандарының да пікірін білмекке парақшамызға сауал қалдырған едік. Біз алған жауаптар төмендегідей.

Айнакез АҚМОЛДАНОВА:

– Біздің ауылдың молдасы халыққа «Асқа салат, жеміс-жидек, тәттілер мүлде қойылмайды, дастарханға тек алыстан жол жүріп келгендер ғана кіреді. Ауылдың адамдары үйлеріне қайта береді. Тыңдамасаңыздар, жаназа оқымаймын» деді. Ақыры айтқанын жасатты. Ауылдың бір келіні өзі туып-өскен ауылындағы тәртіптің осындай екенін, «есесіне шығын аз» деп әңгімесін айтып отырса, бір сыныптасы айтады дейді: «Онда сендерге барып өлу керек екен, ә?», – деп. Өзілі болса да, ашы шындық!

Заида ОРАҚОВА:

– Қазір көп жерде шектелді, бұрынғыдай емес, аз-маз ғана ас мәзірі қойылады.

Зәуре ЗАҚАНҚЫЗЫ:

– Тойдағыдай бес-алты сағат отырып, билеп келіп, қайта ішіп-жейтін жер емес. «Артылса, пакетке салып әкетеді, сарқыт қылып, жұғысты болсын» дейтін де жөні жоқ. Сондықтан өлімде қайыстырып үстел жасау дұрыс емес. Көңіл айтуға, тие берсін деп ауыз тиюге ғана келеді ғой жұрт. Сондықтан дастарханға шөллек, бауырсақ, ал шәйға тәтті, бөтелкедегі су ғана қойылып, табақты ет тұрап қана тарту керек. Өкінішке орай, мұны жатқа емес, жақыныма да ұқтыра, істете алмай келемін. Бәрінің айтатыны – «ел күледі». Өлімде дастарханға күлетін қай қасиетсіз қазақ екенін?!

Сейфолла ШАЙЫНҒАЗЫ:

– Қайтқан кісі асының той емес екенін түсіну керек. Оны түсінсеңіз, жаназада қуандуың керек емес екенін түсінуіңіз керек. Оны түсінсеңіз, қазаға берілген аста жалмаңдап неше түрлі тамақ жеудің жараспайтынын түсінуіңіз керек. Той дастарханы мен қайтқан адамға жайылған дастархан бірдей болмауға тиіс.

Қасиет ТОБЫҚТЫ:

– Шынымды айтайын, мен, мәселен, анам қайтқанда дастарханға бәрін салдым. Өмірімізде түрлі жағдайлар, оқиғалар болды, сондықтан көзі тірісінде жарқыратып бір той жасап бере алмадық, тым болмаса соңғы сапарына той сияқты жасап шығарып салғымыз келді. Онда тұрған ештеңе жоқ. Әркім жағдайына қарасын.

Ақайша АМАНОВА:

– Қазалы үйден тамақ дәмбететіндер көбейіп кетті, аш адам құсап. Біреу қайғырып отырса, үй жап-жақын бола тұрып сол үйден шәйін ішіп, одан қалды үйге алып кетем дейтіндер де бар. Ұят-ай!

Қазына МОЛДАБЕК:

– Жағдайы бар адам туысын жақсы жөнелткісі келеді. Оған ешкім шектеу қоя алмайды. Бірақ жағдайы жоқ адам оған қарап, «мен қалып қоймадым ба» деген оймен ол да тыраштанып жақсы дастархан жасауға ұмтылып, қиналып қалмай ма? Мәселе сонда. Сондай-ақ, мақтангершілікке жол бермеу керек. Кейде таныстарымыздың арасында «пәленшенің қонақасын немесе қырық күндік асын пәлен деген дәу мейрамханада берді, балалары мықты екен!» деп жатады. Бұл жерде, меніңше, өлген кісіні емес, балаларының аты аталып тұр. Демек, елден ұят болмасын деп өзімізді көрсетіп қалғымыз келіп жатқан сияқты ма, қалай?!

Жанат РАЙЫМБЕКОВА:

– Иә, дұрыс айтасыз. Тіпті, қарт кісі емес, қыршын жас өліп, жақындары қан жұтып отырғанда да, тойдың дастарханында отырғандай, ішіп-жеп, саңқ-саңқ күліп әңгіме айтатындар да бар, көріп жүрміз. Баяғыда өлген үйде қазан көтермеген ғой қазақ. «Өлім бардың малын шашады, жоқтың артын ашады» деген сөз бар. Біреудің жағдайы келсе, енді біреу зорға күнін көріп отыр, оған өлік шығып жатқан үйдің дастарханын жаудай талап жатқандарды қосыңыз.

Гүлжанат ИХСАНОВА:

– Біздің ауылда (Шығыс Қазақстан облысы) шектеу бар. Арнайы бекітілген тағамды ғана қоямыз. Жеміс, салаттар салынбайды дастарханға. Ел-жұрт сол талапқа ұйған.

P.S.

Марқұмды жөнелтуде де асыптасымау керек-ау. Бұл орайда сіз не дейсіз, оқырман?



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталды

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 11 айға – 6747,40 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 11 айға – 14471,82 (қала), 8837,40 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 11 айға – 4327,40 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

«РУХТЫҢ ТАМЫРЫ ӘКЕДЕ»

Бүгінгі әлемнің құндылықтар тартысы барлық қоғамға әсер етуде. Ақпараттық тенденция толқынында отбасы құндылығын, ұлттық құндылықты қорғаудың маңызы айқын көріне түсті. Әсіресе, бала тәрбиесі, жас жеткіншектерге берілетін тәрбиеде бұл мәселенің маңызы зор. Міне, осыған байланысты қаламыздағы №209 мектеп-гимназиясы өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі әкелердің рөліне арналған «Рухтың тамыры әкеде» іс-шарасын өткізді.

Отбасы құндылықтардың, рухани мұраның және әкелердің қоғамдағы рөлі тақырыптар аясында өткен іс-шараға Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асылы Осман, Алатау ауданының ювеналды полиция бастығы Дарикулов Исатай, мектептің қамқоршылық кеңесінің өкілі Еркебұлан Қабдырахов қатысты. Іс-шара мектеп, отбасы және қоғам арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған.

Іс-шараның спикерлері, полиция қызметкері мен мектептің қамқоршылық кеңесінің өкілі, қазіргі уақытта мектепте және мектептен тыс жасөспірімдер арасында орын алып отырған келесіз жағдайларға тоқталып, ата-аналарды бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлуге және ашық, сындарлы әңгімелер жүргізуге шақырды. Олар жастар арасындағы бопсалау мен түрлі арандатушылық әрекеттердің көбеюіне алаңдап, ата-аналарды күнделікті баламен қарым-қатынас жасап, қандай да бір ақша сұрау немесе топтасып жиналуға қатысты әрекеттерін қадағалауға шақырды. Сонымен қатар, жақында болған оқиғалармен бөлісіп, ата-аналарға болашақта осындай жағдайлардың алдын алу үшін қырағы болуды ескертті.

Іс-шарада спикерлер әкенің бала өміріндегі рөлі туралы жан-жақты әңгіме өрбітті. Әрбір қатысушыға отбасылық құндылықтар мәдениетін одан әрі дамыту үшін құнды идеялар мен шабыт бере алған шара болды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Асылы ОСМАН,
ғалым, қоғам қайраткері:

«Құрметті Отаны бір отандастарым!
Бұл тақырып аясында ұйымдастырылған іс-шараның маңызы өте зор екенін атап өткім келеді. «Әкенің сесі балаға ес болар» деген қазақтың ұлы мақалы бүгінгі күнде біздің халқымыздың жүрегінде терең орын алған. Шын мәнінде, үйді де, отбасын да, қоғамды да, елді де қорғаушы – әке. Өткенін еске алу – өскендіктің, ал өткенді ұмыту – өшкендіктің белгісі. Қазақ халқы тұлғасынан арлы, адал, жеті атасын жетік білетін, алысты жақындататын, аразды татуластыратын, баршаның баласын бауырына басатын дархан халық. Біздің бүгінгі кең даламызда, осы ұлы халықтың баласы ұлтының бойындағы адами асыл қасиеттерді өз перзентіне дарыта алмағандығына кім кінәлі деп сұрасаңыздар, оның бәрі отбасы-ошақ қасынан шығады. Сондықтан отбасындағы әкенің рөлін дұрыс түсініп, бала тәрбиесіне үлкен мән берсек, қоғамдағы орын алып отырған келесіздіктердің ешқайсысы болмайтынына мен сенімдімін».

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫС

ЕРЕЖЕ САҚТАУ МАҢЫЗДЫ

Алматыда тағы бір заңсыз нысан сүрілді

Елімізде заң талаптарын бұзып немесе тиісті рұқсат құжаттарынсыз құрылыс нысандары салынатын болса, оның сүрілетінін білеміз. Демек, салынған нысанды пайдаланбас бұрын немесе құрылыс салғанға дейін барлық ережелерді сақтау маңызды.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыда бұл жолы Черновицкая көшесі, 10 мекенжайында орналасқан үш қабатты үй сүріледі. Бұл туралы Алматының қала құрылысы бақылау басқармасы хабарлады. Меншік иесі (жеке тұлға) құрылысқа рұқсат құжаттарынсыз кіріскен – СЖТ, эскиздік жоба келісімі, жоба сараптамасы және құрылыс-монтаж жұмыстарының басталғаны туралы хабарлама болмаған.

Тұрғынның өтініші бойынша жоспардан тыс тексеріс нәтижесінде меншік иесіне қатысты әкімшілік шаралар қабылданды. Кейін Алматы қаласының Жетісу аудандық соты басқарманың талап-арызы негізінде 2023 жылы 7 қыркүйекте заңсыз салынған үш қабатты тұрғын үйді бұзу туралы шешім шығарды. Нысан меншік иесінің ерікті түрде, сот орындаушыларының қатысуымен бұзылып жатыр.

Еске сала кетейік, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың құрылысқа бақылауды күшейту жөніндегі тапсырмасы аясында 2023 жылдың басынан бері 63 заңсыз нысан, соның ішінде «Мечта», KHAN тұрғын үй кешендері және басқа да нысандар толық немесе жартылай сүрілген.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Медеу» мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» КММ ҚР Экологиялық кодексінің 87-бабының 4-тармағына және 2021 жылғы 3 тамызда ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. №286 бұйрығымен бекітілген қоғамдық тыңдаулар өткізу ережелеріне сәйкес, «Медеу» мемлекеттік аймақтық табиғи паркінің ерекше қорғалатын табиғи аумағының жерлерін босалқы жерлерге ауыстырудың техникалық-экономикалық негіздемесі» жобасы бойынша ақпараттық жүйеде қоғамдық талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Жария талқылаулар 2025 жылғы 28 қаңтардан бастап 20 жұмыс күні ішінде бірінғай экологиялық порталда өтеді <https://ecoorportal.kz>.

Ескертулер мен ұсыныстар БЭК-те көрсетілген кезеңде қабылданады <https://ecoorportal.kz>. немесе жергілікті атқарушы органның электрондық поштасына ecology@almaty.gov.kz және дизайнердің электрондық поштасы info@gis-terra.kz.

Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды. Бастамашысы: «Медеу» ГРПП» КММ, Алматы қ., Амангелді к-сі, 68А. БСН 000440002069, e-mail: kgumedeu@mail.ru.

Жобалаушы: «Терра» қашықтықтан зондау орталығы және ГАЖ» ЖШС, тел.: +7 (727) 236-08-74, 050010, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Көк-Төбе м., Роза Бағланова к-сі, 83-үй, БСН 990240008036, info@gis-terra.kz.

Жергілікті атқарушы орган: «Алматы қаласының экология және қоршаған орта басқармасы» КММ, Алматы қаласы, Республика алаңы, 4, тел.: +7 (727) 338-31-47, e-mail: ecology@almaty.gov.kz.

«Медеу» мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» КММ ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 17 ақпандағы №172 Қаулысымен бекітілген «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерін қорық жерлеріне ауыстыру қағидаларына сәйкес, «Медеу» мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің ерекше қорғалатын табиғи аумағының жерлерін қорық жерлеріне ауыстырудың техникалық-экономикалық негіздемесі» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілгені туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 23 қаңтарда, сағат 10.00-де өтеді. Алматы қаласы, Амангелді көшесі, 68 А мекенжайы бойынша.

Бастамашысы: «Медеу» ГРПП» КММ.

«Ақпараттық ресурстық орталық» қоғамдық қоры Сізді 2025 жылы басталатын «НаркоСТОП» мемлекеттік әлеуметтік тапсырысына арналған қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады. Тыңдаулар 2025 жылдың 4 ақпанында, сағат 12.00-де ZOOM форматында өтеді.

Сілтемені алу үшін +7 705 183 26 25 телефоны арқылы тіркелуіңізді сұраймыз.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail: alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Нұржамал ӘЛІШ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/aqshamy.official



www.facebook.com/aqshamy.official



web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz



www.youtube.com/channel/UCXzM2xrJCHx6Br1ggA



АЗИЯДА – 2025

ДҮБІРЛІ ДОДА

7–14 ақпан аралығында Қытайда IX қысқы Азия ойындары өтеді



Екі қалада – Харбин мен Ябулиде 10 жарыс тәртібі бойынша 51 медаль жиынтығы бәске тігіледі. Азия ойындарына бізден 138 спортшы аттанады. Біздің құрамада тек сноубордшылар жоқ.



Коломина, Ольга Селезнева мен Светлана Дешевая да елге чемпион боп оралды. Эстафеталық жарыста биатлоншылар тағы бір алтын жүлдеге ие болды. Командада Дмитрий Поздняков, Дмитрий Пантов, Сергей Абдукаров пен Алексей Каревский өнер көрсетті.

Үшінші Азиада егеменді елдің құрамасы үшін фиаско болды. Бұл жолы Жапонияның Аомори (2003 ж.) қаласында өткен додада ҚР спортшылары жалпы есеп бойынша үздік үштікке де кірмеді. Спортшыларымыз 7 алтын, 7 күміс пен 6 қола медаль алды. Бұл жолы тағы да шаңғышылар қуантты. Олардың активінде алты бірінші орын бар. Андрей Головки, Максим Однодворцев (2 медаль), Оксана Яцкая, Светлана Шишкина мен әйелдер эстафеталық командасы ерекшеленді. Тағы бір алтын жүлдені хоккейшілер жеңіп алды.

2007 жылы Қытайдың Чанчуньдағы Азиаданың куәгері болдым. Бұл ойындардағы ең есте қаларлық сәт – Азия ойындарының туын Чанчунь мэрі Алматы қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетовке табыстаған кез еді. Келесі континенттік кешенді жарысты Алматы қабылдап алды (содан кейін ойынды екі қалада – Алматы мен Астанада өткізу қабылданды). Бұл Қазақстан атынан ең көп қатысқан делегация әрі тарихтағы ең сәтсіз ойындар болды. Қазақстанның активінде

небәрі 6 алтын, 6 күміс пен 6 қола жүлде болды. Бұл жолы шаңғы мен биатлон командалары ел үмітін ақтай білді. Алдыңғы Азиадада өнер көрсеткен спортшылар жеңімпаз атанды. Олар биатлоншы Александр Червяков, шаңғышылар Сергей Черепанов, Оксана Яцкая. Елена Коломина, Елена Антонова, Максим Однодворцев, Николай Чеботько, Светлана Малахова – Шишкина. Ерлер командасынан айырмашылығы, бұл жолы ҚХР-да Алматы командасынан құралған «Айсұлу» хоккейшілері алтын жүлдені қанжығасына байлады.

Қазақстан құрамасы үшін ең табысты жыл отандық Азия ойындары өткен кезең еді. Дода 2011 жылы Алматы мен Астанада өтті. Тарихта тұңғыш рет ұлттық құрама медальдық сынақтың көшбасшысы ретінде өнер көрсетті. Қазақстандық спортшылар 32 «алтын», 21 «күміс» пен 17 «қола» жеңіп алды. Жүлделер спорттық доданың барлық түрінен алынды. Мәнерлеп сырғанауда Денис Теннің өнерін ерекше атап өткен жөн. Биатлонда 5 алтын жүлде, шаңғы жарысында 6 алтын, шаңғымен бағдарлауда 8 алтын қоржынға салынды. Осы спорт түрінен Михаил Сорокин (2 алтын медаль), Ольга Новикованы (3), Аслан Тоқбаев пен басқаларды атап өткен жөн. Алғаш рет фристайл мен трамплиннен секіруде олжалы

болды. Мұнда Дмитрий Бармашов, Юлия Галышева, Дмитрий Рейхард пен Евгений Левкин сынды спортшыларымыздың еңбегі ерен. Сонымен қатар, алтын жүлдені хоккей өкілдері – ерлер мен әйелдер құрамасы жеңіп алды. Жеңіс тұғырына допты хоккейдің спортшылары да көтерілді.

Соңғы Азиада алты жылдан кейін Саппорода (Жапония) 2017 жылы өтті. Осы жылдар ішінде Қазақстан құрамасында өзгерістер болды. Спорттық мансабын аяқтаған тәжірибелі спортшылардың орнына жастар келді. Бұл Күншығыс елінің 9 алтын 11 күміс пен 12 қола жүлдеге ие болуының басты себебі деп аталады. Тағы бір себеп – команда құрамында ең мықты шаңғышылардың болмауы. Олардың көпшілігі сол уақытта өткен әлем чемпионатында өнер көрсетуді жөн көрді. Сондықтан жалпы командалық есепте қазақстандықтар төртінші орынға ие болды. «Алтын» саны бойынша биатлоншылар көш басында тұрды. Олардың активінде 6 бірінші орын бар. Екі қашықтықты Ян Савицкий жеңіп алды, ал Галина Вишневскаяның құрметіне еліміздің Әнұраны үш рет шырқалды. ҚР құрамасының қоржынына тағы бір алтын медальді аралас эстафетада биатлоншылар алды. Мұнда тағы да Ян Савицкий мен Галина Вишневская ерекшеленді. Оларға Дарья Климина мен Максим Браун қосылды. Шаңғышыларда да бір алтын медалі бар. Оны Ринат Мухин олжалады. 2016 жылы Сочи Олимпиаданың қола жүлдегері атанған фристайлшы Юлия Галышева да жаман өнер көрсеткен жоқ. Құрлықта төртінші рет құрлықтық ойындардың чемпиондары атанған ерлер хоккей командасы да ел үмітін ақтай білді.

Бұл жолы бізді Қытайда не күтіп тұр екен? Жеңіс тұғырынан көріну үшін бар күш-жігерімізді салатынымыз анық. Үздік үштіктер қатарынан көрінуге де мүмкіндігіміз бар. Спортшыларымызды қолдайық.

Жеті жылдан кейін Қысқы Азиада халықаралық додасы күнтізбеге қайта оралды. Бұл аралықта Қазақстан құрамасының қатары спорттың әр түрінен мықты спортшылармен толықты. Демек, Харбиндегі спорт додасында үздік үштікке ену мүмкіндігіміз әлдеқайда жоғары.



Әлім АНАПИЯНОВ.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.